

## Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (32-шығарылым) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № 422 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 қарашада № 21595 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (32-шығарылым) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай-біліктілік анықтамалығы (32-шығарылым)" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі № 361-өм бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7944 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 мамырда № 121 (28060) "Егемен Қазақстан" газетте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрі

Б. Нұрымбетов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
корғау министрлінің  
2020 жылғы 3 қарашасы  
№ 422 бүйрекіна  
қосымша

## **Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (32-шығарылым)**

### **1-тaraу. Kіrіспе**

1. Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (32-шығарылым) (бұдан әрі - БТБА (32-шығарылым) химиялы-фотографиялық өндіріс жұмысын қамтиды.

2. БТБА (32-шығарылым) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрлігі әзірлеген.

3. Тарифтік-біліктілік сипаттамалар осы (32-шығарылым) БТБА-да көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдардың меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, олардағы жұмысшылардың жұмыстарын тарификациялаған және біліктілік разрядтарын белгілеген кезде қолданылады.

### **2-тaraу. Химиялы-фотографиялық өндірісі жұмыстарына арналған разрядтар бойынша жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары**

#### **1-параграф. Айқындастын пастаны әзірлеуші аппаратшы, 3-разряд**

##### **4. Жұмыс сипаттамасы:**

айқындастын пасталы капсулаларды өндіру технологиялы процесін немесе "Момент" фотожинағына арналған айқындастын пастаны әзірлеу технологиялы процесі бойынша жеке операцияларды жүргізу;

айқындастын пастаның құрамына кіретін және ерітіндін тұрақтандыратын компоненттерді өлшеу;

араластырғышқа компоненттерді тиесу;

алынатын ерітінділердің араласуын бақылау;

айқындастын пасталарды герметикалы сыйымдылықтарға салу;

тұрақтандырылған ерітінділерді тампондарға мөлшерлеу және пробиркаларға салу;

лакталған фольганың сапасын тексеру;

фольганы автоматқа салу;

айқындастын пастамен тегеуірлі бакты орнату және мөлшерлейтін насосқа қосу; капсуладағы айқындастын пастаның мөлшерін, температурасын және капсуланың қалыптасуының жалғасуын, капсуланың тігісінің сапасын бақылау және реттеу; таңбалайтын құрылғыны дайындау және жарамды капсулаларға кассеталарды орнату.

5. Білуге тиіс:

капсулаларды дайындау және айқындастын пасталарды дайындау тенологиялық процесін;

қолданылып жатқан жартылай фабрикаттардың, материалдардың және дайын өнімнің физикалық-химиялық қасиеттерін.

## **2-параграф. Айқындастын пастаны әзірлеуші аппаратшы, 4-разряд**

6. Жұмыс сипаттамасы:

айқындастын пасталы капсулаларды өндіру немесе "Момент" фотожинағына арналған тұрақтандыратын ерітіндіні әзірлеу технологиялы процесін жүргізу;

астауды есептеу және айқындаушы паста мен тұрақтандырушы ерітіндінің құрамына кіретін компоненттерді өлшеу;

тұрақтандырылғын ерітінділерді дайындау, оларды берілген концентрация және мөлшерлерге жеткізу;

айқындастын және белгілейтін құрылғыларды енгізу, айқындалып жатқан пасталарды регламентпен сәйкестендірілген созымалығына жеткізу және оның сапасын анықтау;

тұрақтандырылатын ерітінділерді дайындау: алынған ерітінділерді сыйымдылыққа жылдытып тиеу, араластырыштарды қосу, қосындыларды енгізу, ерітінділерді фильтрлеу;

біліктілігі төмен айқындастын пастаны әзірлеуші аппаратшыларға басшылық жасау

7. Білуге тиіс:

айқындастын пастаны және тұрақтандырылған ерітінділерді дайындау технологиялық процесін;

қолданылып жатқан компоненттердің, материалдардың және дайын өнімнің физикалық-химиялық қасиеттерін;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың құрылымын.

## **3-параграф. Айқындастын процессорда қызмет көрсету бойынша оператор, 7-разряд**

8. Жұмыс сипаттамасы:

белсендіз жарықта және қараңғыда жағдайында интегрирленген электронды механикалы процессорда "ECP-2B" процесі бойынша импортты түрлі-түсті позитивті кинопленкаларды химико-фотографиялық өндеу процессін жүргізу;

процессордың бақылау панелінде кинопленканы айқындаудың режимін таңдау және реттеу;

процессордың жолы бойынша лентаның жылжу жылдамдығын, бактардағы ерітінді деңгейін, үгітетін механизмнің жұмысын, фонограмманы бөлшектеп өндейтін блоктардың және химиялы бақылау;

өндеу процессінде кинопленканың бетінің техникалы жағдайын бақылау;

тапсырыстарға сәйкес өнделген кинопленкаларды жинақтау;

ілеспе құжаттаманы жүргізу.

9. Білуге тиіс:

түрлі-түсті және қара-ақ негативті және позитивті кинопленкаларды өндеудің технологиясын;

шығару процессорының құрылышын, оның негізгі бөліктері мен функционалдық блоктарының мақсаты мен жұмысын, "РЭК"-лифт жұмысын;

өнделетін ерітінділердің құрамын және мақсатын;

сенситометрлі мәліметтер бойынша айқындаудың режимдерін реттеу қағидаларын.

10. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

#### **4-параграф. Айқындастын процессорда қызмет көрсету бойынша оператор, 8-разряд**

11. Жұмыс сипаттамасы:

"ECP-2B" процессоры бойынша имортты түрлі-түсті позитивті кинопленкаларды химико-фотографиялық өндеу және "ECN-2" процессоры бойынша негативті кинопленкаларды электронды-механикалы процессорларда белсендіз жарықта және қараңғыда химико-фотографиялық өндеу процесін жүргізу;

кинопленкаларды айқындаудың режимдерін таңдау және реттеу;

процессордың жолы бойынша лентаның жылжу жылдамдығын, бактардағы ерітінді деңгейін, үгітетін механизмнің жұмысын, фонограмманы бөлшектеп өндейтін блоктардың және химиялы бақылау;

тапсырыстарға сәйкес өнделген кинопленкаларды жинақтау;

ілеспе құжаттаманы жүргізу.

12. Білуге тиіс:

түрлі-түсті және қара-ақ негативті және позитивті кинопленкаларды өндеудің технологиясын;

өнделіп жатқан ерітінділердің құрамдары мен мақсаттарын;

өндеу ерітінділерінің кинопленкалардың фотографиялық қасиеттеріне әсерін;

көріну режимін реттеу қағидаларын және өндөлген пленканың сапасына қойылатын талаптар.

13. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **5-параграф. Ақуыз қабықшасын илеу және кептіру аппаратшысы, 4-разряд**

14. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары илеу және ақуыз қабықшасын кептіру бойынша аппаратшысының басшылығымен толассыз илеу және көп қозғалысты кептіру желілеріндегі ақуыз қабықшасын кептіру процесін жүргізу;

көп қозғалысты автоматты кептіру желісіне ылғалды ақуыз қабықшасын салу, ақуыз қабықшасының белгіленген диаметрі мен біркелкі қалындығын ұзындығы бойынша реттеу;

акуыз қабықшасының ұзілуін жою және оны орайтын құрылғыға салу;

ораудың сапасын тексеру және өнімді келесі операцияға жіберу;

қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы технологиялық режимнің бұзылуын, ақауларды анықтау және жою;

стандартсыз өнімді ақаулыққа жатқызу;

сынамаларды алу.

15. Білуге тиіс:

негізгі және қосалқы жабдықтардың, қолданылып жатқан автоматика жабдықтарын және бақылау-өлшеу құралдарының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

акуыз қабықшасын кептіру және илеу технологиялық схемасын;

технологиялы режимнің параметрларін және илеу және ақуыз қабықшасын кептіру процесін реттеу қағидаларын;

сынамаларды алу қағидаларын.

## **6-параграф. Ақуыз қабықшасын илеу және кептіру аппаратшысы, 5-разряд**

16. Жұмыс сипаттамасы:

көпқозғалысты автоматты кептіру желілерінде ақуыз қабықшасын кептіру және илеу толассыз процесін жүргізу;

илеме сұйықтығымен ақуыз қабықшасын илеу, оны кептіру және орайтын құрылғыға салу;

бақылау-өлшеу құралдарының, көзбен көру, талдаудың нәтижесі және диаграмма бойынша ақуыз қабықшасының илеу сұйықтығымен дұрыс құйылуын, кептірудің температуралы-ылғалды режимін, ораудың сапасын бақылау және реттеу;

ауаның температурасын және ылғалдығын, ақуыз қабықшасында ылғалдың барын, оның диаметрін және қалындығын бақылау;

көп қозғалысты каналды желілерді, желдеткіш құрылғыларды, калориферлерді, коммуникацияларды, арматураларды, бақылау-өлшеу құрылғыларын және автоматика құралдарында қызмет көрсету;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты жөндеуге дайындау және оны жөндеуден қабылдау;

өндіріс журналында жазба жүргізу;

біліктілігі төмен илеу және ақуыз қабықшасын кептіруші аппаратшыларға басшылық жасау және олардың технологиялық режимді сақтауын бақылау;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты икемдеу.

17. Білуге тиіс:

акуыз қабықшасының физикалық-химиялық процесін және технологиялық схемасын;

дайын өнімнің стандарттары мен техникалық шарттарын.

## **7-параграф. Акуызды қабықшаларды өлшеуші, 3-разряд**

18. Жұмыс сипаттамасы:

өлшеттің құрылғыда акуызды қабықшаның берілген ұзындығын өлшеу;

автоблоктаудың және есептегіштің жұмысын тексеру;

орайтын тіреуге қабықшамен бобинді іріктеу, орналастыру және орнату;

өлшеу кезінде қабықшаны ақаулау;

қабықшаны орау процесін реттеу;

қабықшаны шоқтарға орау, берілген ұзындықтағы кесінділерге қиу, қабықшаларды түсіру және салу;

қабықшаның шоқтарын таңбалалау;

өлшеттің құрылғының жұмысындағы ақаулықтарды жою;

өндірісі журналын толтыру.

19. Білуге тиіс:

акуызды қабықшага қойылатын техникалық шарттарын;

өлшеттің құрылғыны және есептегіштің құрылымын және реттеу тәсілдерін.

## **8-параграф. Баритмассаны әзірлеуші аппаратшы, 3-разряд**

20. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары баритмассаны әзірлеу бойынша аппаратшының басшылығымен баритмассаны әзірлеу технологиялық процесін жүргізу;

бланфиксты әкелу және оны араластырғышқа салу, желатинді ерітетін аппаратта еріту;

бояуға қосатын қосымша компоненттерді фильтрлау;

қолданылып жатқан аппараттардың және бояуды жіберу жүйесінің жұмысын бақылау;

дайын өнімді баритаж машиналарына арнайы сыйымдылықтарға айдау; талдау үшін сынамаларды алу.

21. Білуге тиіс:

баритмассаларды әзірлеу технологиялық процесін; бояуға қосылатын компоненттерден талап етілетін техникалық шарттар; қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың жұмыс істеу схемасын; сынамаларды алу қафидаларын.

## **9-параграф. Баритмассаны әзірлеуші аппаратшы, 4-разряд**

22. Жұмыс сипаттамасы:

баритмассаны әзірлеу технологиялы процесін жүргізу; бояу араластырғышқа блакфиксты салу; бояуараластырғышқа ыстық суды және химиялық компоненттерді қосу; механикалы араластырғыштарды қосу және бояудың біркелкі араласуын реттеу; бояу араластырғыштардан аппаратқа бояуды алу; берілген режим бойынша химиялық компоненттерді енгізу; концентрацияны, температуралық режимді, процестің жалғасуын реттеу; дайын бритмассаны аппараттан шығару; сілтілі фильтрларда баритмассаны үш рет фильтрлеу; қызмет көрсетілетін жабдықты баптау, оның жұмысындағы ұсақ ақаулықтарды жою

23. Білуге тиіс:

баритмассаларды, фотоқағаздарды әзірлеу технологиялық процесін және олардың мақсатын;

қолданылып жатқан компоненттерге ден талап етілетін техникалық шарттар;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу күралдарының құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## **10-параграф. Бастапқы материалдарды дайындаушы, 1-разряд**

24. Жұмыс сипаттамасы:

қара-ақ кинопленканың жекелеген кесектерін желімдеу, актиникалық емес жарықтандыру жағдайында әртүрлі жүйедегі арнайы желімдейтін жартылай автоматтарда ракордтарды желімдеу;

жапсырудың сапасын тексеру;

кинопленканы орау, ілеспе құжаттаманы және өндірістік журналды толтыру; қайта орау-желімдеу механизмін мерзімді тексеру және тазалау.

25. Білуге тиіс:

кинопленка сорты және оны пайдалану қағидаларын;  
кинопленканың әртүрлі негіздеріне қолданылатын желімнің құрамын.

## 11-параграф. Бастапқы материалдарды дайындаушы, 2-разряд

26. Жұмыс сипаттамасы:

баспаға контратиптерді, фонограммаларды, ағымдағы негативті дайындау және рәсімдеу;

ракордтардың, стартовкалардың, дабыл белгілерінің дұрыс рәсімделуін тексеру;

басып шығару үшін зарядтау ракордтарын желімдеу;

әртүрлі жүйелі жартылайавтоматтарда түрлі-түсті және панхроматикалы кинопленкалардың бөлек қызықтарын жapsыру, жapsырудың сапасын тексеру;

роликтарды басу үшін кинопленкаларды айналдыру және сорттары бойынша дайындау;

түсетін шикі кинопленкаларды сорты, эмульсия нөмірлері және біліктері бойынша сорттау және іріктеу;

кинопленкаларды кассеталарға салу;

бастапқы материалдарды баспадан кейін жинақтап қоймаға тапсыру;

бастапқы материалдарды тапсыруға белгіленген өндірістік құжаттаманы ресімдеу.

27. Білуге тиіс:

фильмкөшірмелерін өңдеу технологиясын;

басып шығару үшін фильм материалдарын ресімдеу қағидаларын;

механикалы орайтын құрылғылардың конструкциясын және эксплуатациялау қағидаларын;

жұмыс орнындағы жарықтехникалық режимін;

жapsыратын жартылайавтоматтардың құрылымын және реттеу тәсілдерін.

## 12-параграф. Бастапқы материалдарды дайындаушы, 3-разряд

28. Жұмыс сипаттамасы:

бастапқы материалды (контратип, аралық позитив, фонограмма), ағымдағы негативті баспаға арналған оң пленканы баспаға дайындау және ресімдеу;

баспа процесінде және одан кейін бастапқы материалдың техникалық жай-күйін толық тапсыру және бақылау;

қайтадан басудан кейін магнитті фонограммаларды рәсімдеу және бастапқы магнитті фонограммалардың техникалық жағдайын тексеру;

16 және 35 миллиметрлі бастапқы материалдарды үлкен сыйымдылықты рулондарға қосу;

баспаға ілеспе құжаттарды рәсімдеу;

бақылау процесінде анықталған (жыртылған перфорацияларды және жапсырмаларды жапсыру, тозған ракордтарды ауыстыру) ұсақ ақаулықтарды түзету;

аралық позитивтерді, контратиптерді стартовкалау және фонограммаларды ресімдеу;

ағымдағы негативті желімдеу және түсті жарық паспортының ауысымына сигнал белгілерін орнату.

29. Білуге тиіс:

фильм көшірмелерін жасау және ағымдағы негативті басып шығару технологиясын; бастапқы материалдардың ассортименті және олардың мақсатын;

оптикалық және магниттік дыбыс жазу негіздерін;

стартовканы жағу қағидаларын;

ілеспелі үстелдердің және жапсыратын жартылайавтоматтардың конструкциясын;

көшіретін және дыбысбасатын аппараттардың және қолданылатын бақылау-өлшеу құралдарының жұмыс істеу принципін.

### **13-параграф. Бастапқы материалдарды дайындаушы, 4-разряд**

30. Жұмыс сипаттамасы:

жөнделген негативті баспаға дайындау және ресімдеу;

баспа процесінде және одан кейін негативтің техникалық жай-күйін жинақтап тапсыру және бақылау;

жарық паспорттарын тесу және оның жазба паспортына сәйкестігін тексеру;

бастапқы материалдарға ракордтарды ресімдеу;

32-миллиметрлі контратиптерді ресімдеу, біріктіру және стартовкалау;

фонограммалардың қайта басуын 32-миллиметрлі негативтерге біріктіру және 70-миллиметрлі фильмкөшірмелерін үлкен сыйымдылық рулонына біріктіру;

қалыңдығын, кадрлардың орналасуын және пленканың толтыруын өлшеу;

қосымша басуды іріктеу және монтаждау;

35-миллиметрлі фонограммалардың қайта басудың негативіне ракордтардың ілспелілігін орнату және жапсыру;

жапсырудың сапасын бақылау.

31. Білуге тиіс:

кең экранды және кең форматты фильмкөшірмелерін дайындау технологиясын; негативті және позитивті материалдарды баспаға ресімдеу қағидаларын.

### **14-параграф. Бастапқы материалдарды дайындаушы, 5-разряд**

32. Жұмыс сипаттамасы:

бастапқы материалдардың жинағын басу кезінде жөнделген негативтерді баспаға дайындау;

35 және 70-миллиметрлі фильмкөішрмесін және бастапқы материалдарды субтитрленген баспа үшін позитивті пленканы дайындау және рәсімдеу;

ілеспелілікті бекіту және фонограммаларды қайта басу негативіне стандартты ракордтарды жapsыру;

фонограммалардағы ілеспеліді жою;

тетіксіз негатив басу үшін ілеспелі паспорттарды дайындау.

33. Білуге тиіс:

кинофильмдерді өндіреу технологиясының негіздерін;

субтитрларды позитивті көшірмелерге және контратиптерге басу технологиясын; ілестіргіштердің құрылымын және оларды пайдалану қағидаларын.

## **15-параграф. Бутафоль пленкаларын құйып алушы-аппаратшы, 3-разряд**

34. Жұмыс сипаттамасы:

өндіріс-техникалы тағайындаудағы металжапсыратын пленкаларды немесе бірқабатты және көпқабатты бутафольдың пластмасты пленкасын құю технологиялық процесінің бөлек операцияларын жүргізу;

құятын машиналардан фильтерлерді түсіру және орнату;

фильтерларды және өнімді түсіруге және опалауға арналған қосалқы жабдықтарды жұмысқа дайындау.

35. Білуге тиіс:

пластмассалы пленкаларды дайындау технологиялық процесін;

қолданылып жатқан ерітінділердің, дайын өнімнің қасиеттерін;

қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының мақсатын;

негізгі және қосалқы жабдықтың құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## **16-параграф. Бутафоль пленкаларын құйып алушы-аппаратшы, 5-разряд**

36. Жұмыс сипаттамасы:

техникалық тағайындаудағы металжапсыратын пленкаларды немесе бірқабатты және көпқабатты бутафольдың пластмасты пленкасын құю технологиялық процесінің жүргізу;

құятын машиналарға фильтерларды орнату;

шаблонның көмегімен лента расындағы саңылауларды есептеу және фильтер пышағымен реттеу;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша технологиялық режимді реттеу, мыс таспасының жағдайы мен барысын реттеу;

қабатталған пленканың қалыңдығын, фильтерлердегі ерітіндінің деңгейін, ауаны беру мен соруды, кептіргіштегі пленканы тартуды және дайын пленканы орауды есептеу және реттеу;

ұнтақты натрий бикарбонатымен бутафоль пленкасын орау немесе оны полиэтиленмен және қағазбен төсеу;

сынамаларды (ұлгілерді) бақылау үшін алу;

өнімнің санын есепке алу және сортын анықтау;

өнідіріс журналында жазба жүргізу;

құятын машинаның жез лентасынан өндөлген төс етекті (айналы қабатын) түсіру;

айналы қабатты құю үшін жез лентаны дайындау;

біліктіліг төмен бутафоль пленкасын қуюшы-аппаратшылардың жұмыстарына басшылық жасау;

жабдыққа ұсақ жөндеу жұмыстарын жасау.

37. Білуге тиіс:

бутафоль пленкасын және металжапсыратын пленканы дайындау технологиялық процесін;

негізгі және қосалқы жабдықтардың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

қолданылып жатқан шикізаттың, жартылай фабрикаттардың, дайын өнімнің физиалық-химиялық қасиеттерін;

сынамаларды алу қағидалары.

## **17-параграф. Бутафоль пленкасын кептіруші, 3-разряд**

38. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары бутафоль пленкасын кептірушінің басшылығымен бутафоль пленкаларын кептіру бойынша бөлек операцияларды орындау;

бутафоль пленкасын кептіру шкафтарына салу, оны кептіру шкафтарының біліктері бойынша ауыстыру;

бутафоль пленкларын катушкадан түсіру және орау;

натрий бикарбонатының қалдықтарын түсіру;

бутафоль пленкасын салуға және алуға арналған құралдарды жинау;

кептіру шкафтары мен үй-жайларды тазалау.

39. Білуге тиіс:

кептіретін шкафтардың құрылымын және жұмыс істеу принципін;

аяу жіберу схемасын;

бутафоль пленкасын кептіру және сұыту режимін;

қолданылып жатқан шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын өнімнің қасиеттерін.

## **18-параграф. Бутафоль пленкасын кептіруші, 4-разряд**

40. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс нұсқаулықтарына сәйкес бірнеше кептіргіштерде біруақытта, бутафоль пленкаларын кептіру технологиялық процесін жүргізу;

бутафоль пленкасының белгіленген ылғалдылық процентіне байланысты өнімнің әртүрін кептіру уақытын есептеу;

бутафоль пленкаларын кептіретін шкафттарға салынуын және оның білекшелерге орналасуын бақылау;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша технологиялық процесті, кептірудің температуралық режимін реттеу;

бутафоль пленкасын натрий бикарбонатымен тозаңдандыра отырып катушкаға алу және орау;

дайын өнімнің есебін жүргізу;

біліктілігі төмен бутафольпленкларын кептірушілерді басқару;

қолданылып жатқан жабдықты жөндеу жұмыстарына қатысу.

41. Білуге тиіс:

қызмет көрсетіліп жатқан процестің технологиялық схемасын;

қолданылып жатқан жабдықтың, бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылым және жұмыс істеу принципін;

поливинилбутиrolдан жасалған пластмассаның физикалық-химиялық қасиеттерін;

технологиялық процесті реттеу қағидаларын;

бутафоль пленкасын кептіру уақытын есепке алу әдістемесін.

## 19-параграф. Вагонетші, 2-разряд

42. Жұмыс сипаттамасы:

шикі фотопластинкалармен сорты, өлшемі, кептіретін вагонеткалардағы эмульсияның нөмірлері бойынша станоктарды түсіру және тиеу;

шикі фотопластинкалардың станоктардың штабиктерімен жанасу және қозғалу кезінде олардың жабысу себептерін жою;

вагонеткалардан жасалған құрғақ фото-бұйымдары бар станоктарды түсіру және оларды суару машинасына жіберу;

құрғақ жарықсезгіш материалдарды жинақтау.

43. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін участкенің технологиялық схемасын;

жарықсезгіш режимін;

қолданылып жатқан жабдықтарды эксплуатациялау қағидаларын.

## 20-параграф. Вагонетші, 3-разряд

44. Жұмыс сипаттамасы:

фотопластинкалармен станоктарды вагонеткаларға тиесінде оларды аймақтарға жылжыту;

аланға шикі фотопластинкаларды біркелкі жаю, ассортиментке байланысты вагонеткалардың қозғалыс жылдамдығын реттеу;

белсенді емес жарықтандыруды ауыстыру;

вагонеткаларға профилактикалық күтім жасау.

45. Білуге тиіс:

шығарылатын жарыққа сезімтал бұйымдардың ассортименті, олардың фотографиялық қасиеттерін.

## **21-параграф. Гидротипті өндіріс машинисі, 3-разряд**

46. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары гидротиптік өндіріс машинисінің басшылығымен бейнені матрицадан бланк-фильмге көшіру және матрикаларды гидротиптік машинада бояу бойынша жекелеген жұмыстарды орындау;

матрикалар мен бланк-фильмдерді өңдеу бойынша дайындық жұмыстарын орындау;

полиграфиялық әдіспен ракордтарды басып шығару бойынша гидротиптік машинаға қызмет көрсету.

47. Білуге тиіс:

матрикаларды және бланк-фильмдерді өңдеу технологиясын;

гидротипті машиналардың лента созатын коммуникацияларының схемасын;

гидротиптік машиналарды пленкалармен зарядтау схемаларын және синхронды рекордтардың мақсатын;

гидротиптік машина түйіндерінің сипаттамалары мен мақсатын.

## **22-параграф. Гидротипті өндіріс машинисі, 4-разряд**

48. Жұмыс сипаттамасы:

бейнені матрицадан бланк-фильмге гидротиптік көшірудің және матрикаларды гидротиптік машинада бояудың технологиялық процесін жүргізу;

боятын ерітінділердің айналымын, ауыстыру камераларындағы және кептіретін шкафттардағы атмосфераны, бланк-фильмдерді сулау және кептіруді бақылау;

матрикаларды тазарту және кептіру;

бояуларды ауыстыру үшін бланк-фильмді матрицаның келесімен бақылау бөліміне жіберу.

49. Білуге тиіс:

гидротипті пештің технологиялық процесін;

гидротипке пайдаланылатын пленкалардың түрлерін және қасиеттерін;

қара-ақ және түрлі-түсті фотоның негіздерін.

## **23-параграф. Гидротипті өндіріс машинисі, 5-разряд**

50. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары гидротиптік өндіріс машинисінің басшылығымен бейнені матрицадан бланк-фильмге гидротиптік тасымалдау және гидротиптік ағынды желіде матрицаларды бояу технологиялық процесін жүргізу;

бояу ваннасының және гидротипті желілі бояуды ауыстыру камераларының жұмыс режимін және температуралы-ылғалды параметрлерін таңдау;

матрица жинағының және бланк-фильмнің ілеспелілігін тексеру, гидротипті машинада зарядтау үшін арнайы белгілердің барын тексеру;

матрицалар мен бланк-фильмді перфорациялау қадамын, кинопленкаларды таспалы тарту жолы бойынша тасымалдауды бақылау;

мөлшерлегіштердің және тамшыұшырыштардың жұмысын тексеру;

желіні профилактикалық тексеру;

матрицаға және бланк-фильмдерге есеп жүргізу;

технологиялық журналды жүргізу.

51. Білуге тиіс:

матрицаларды және бланк-фильмдерді дайындау технологиялық процесін;

пленканы тасымалдаудың жылдамдығын тәсілдерін;

бояуды және бейнені гидротипті ауыстыру режимдерін;

бояғыштардың сипаттамасы, ерітінді рецептурасын және оларды дайындау;

бланк-фильмге және аралық материалдарға қойылатын талаптар;

коммуникация схемасын және гидротипті ағынды желінің құрылышын;

кинопленкаға және гидротипті фотоматериалдардың стандарттарын және техникалық шарттарын.

## **24-параграф. Гидротипті өндіріс машинисі, 6-разряд**

52. Жұмыс сипаттамасы:

бейнені матрицадан бланк-фильмге гидротиптік көшірудің және басқару пультінен гидротиптік ағынды желіде матрицаларды бояудың технологиялық процесін жүргізу;

желінің жекелеген агрегаттары жұмысының үндестігін баптау;

жұмыс процесінде бояу ерітінділерін беру коммуникациясының жай-күйін, пленкаларды біріктіруді және бояғышты көшіруді бақылау;

технологиялық журналды жүргізу.

53. Білуге тиіс:

гидротиптік желінің негізгі агрегаттары мен тораптарының құрылышын;

гидротиптік желінің басқару пультінің схемасын;

берілген командалардың терминологиясын;

дабыл және блоктау жүйесін.

54. Техникалық және көсіптік (арнайы орта, көсіптік орта) білім талап етіледі.

## **25-параграф. Жарықсезгіш бұйымдарды бақылаушы, 2-разряд**

55. Жұмыс сипаттамасы:

бұйымның екіден аспайтын түрлерін немесе киноөнімнің бір түрінің екіден аспайтын сапалы көрсеткішін біруақытта бақылау;

кино-фото-өнім сапасының жекелеген параметрлерін журналға тіркей отырып тексеру;

дайын кино-фото-өнімді көзben шолып бақылау және жекелеген сапалық көрсеткіштердің стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін тексеру;

жоғары білікті жарық сезгіш бұйымдарды бақылаушының басшылығымен дайын кино-фото-өнімдерді және кинофотоөнімдердің барлық түрлерінің жартылай фабрикаттарын тексеру.

56. Білуге тиіс:

кинофотоөнімнің сапасының бөлек параметрлерін;

қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының мақсатын.

## **26-параграф. Жарықсезгіш бұйымдарды бақылаушы, 3-разряд**

57. Жұмыс сипаттамасы:

киноөндімнің позитивті сортының жартылайфабрикаттарын, желатин және нығайтқыштарды дайындау кезінде ара-арасынан тексеру және кейінгі өндіріске жіберу үшін рұқсатнама беру;

кино-фото-өнім өндірісінің технологиялық процесі сапасының жекелеген параметрлерін журналға тіркей отырып бақылау;

дайын кинофотоөнімді көзben шолып бақылау және оның жекелеген сапалық көрсеткіштерінің стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне сынақтар жүргізу;

құрал-саймандық микроскоптың, калибрлер мен өлшеу құралдарының көмегімен жарық сезгіш бұйымдардың физика-химиялық қасиеттері мен мөлшерін анықтау;

жоғары білікті жарық сезгіш бұйымдарды бақылаушының басшылығымен дайын кино-фото-өнімдерді және кинофотоөнімдердің барлық түрлерінің жартылай фабрикаттарын тексеру.

58. Білуге тиіс:

кино-фото-өнімдер өндірісінің технологиялық процесі сапасының негізгі параметрлерін;

шығарылатын кино-фото-өнімнің стандарттары мен техникалық шарттарын;

титрленген ерітінділерді дайындау қағидаларын.

## **27-параграф. Жарықсезгіш бұйымдарды бақылаушы, 4-разряд**

59. Жұмыс сипаттамасы:

позитивті сорттардың дайын кинофотоөнімдерін тексеру, кино-фото өнімнің теріс сорттарының жартылай фабрикаттарын және негіздердің стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін фаза бойынша бақылау;

ресімделген кино-фото-өнімді көзбен шолып қарау және буып-түю материалы мен таңбалаудың сапасын тексеру;

технологиялық регламент пен жарық техникалық режимнің өндөлетін ассортиментке сәйкестігін бақылау;

дайын кинөнімнің және жартылай фабрикаттардың сынамаларын алу, оларды физико-механикалы және фотографиялы параметрлерде арнайы жарық беру арқылы және сәйкес режимде химия-фотографиялы өндеумен сынау;

ұлгілердің параметрлерін өлшеу;

өндөлген ұлгіні ақаулардың болмауына көзбен шолып бақылау және ол бойынша кинофотоөнім сапасын бағалау;

дайын кино-фото-өнімді шығаруға немесе жартылай фабрикатты өндеудің келесі сатысына беруге рұқсат беру;

акауларды цехтар мен ақаулардың түрлері бойынша саралау;

акаулы парактарды жасау.

60. Білуге тиіс:

бақыланатын кино-фото өнімдердің стандарттары мен техникалық шарттарын, оны дайындаудың технологиялық режимін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен аппаратураның құрылышы мен жұмыс істеу принципін.

## **28-параграф. Жарықсезгіш бұйымдарды бақылаушы, 5-разряд**

61. Жұмыс сипаттамасы:

дайын кинофотоөнімнің теріс сорттарының стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін тексеру;

оны шығаруға шешімді беру;

рәсімделген кинофотопродукцияны оралған материалдың сапасын тексерумен және мөрленуін көзбен тексеру, оның физико-механикалық сынақтарын және параметрлерін өлшеуді жүргізу;

арнайы камералардың немесе кинофотоаппараттардың көмегімен ашық және жабық павильондарда перспективті түсірілімдерді жасау;

қатаң белгіленген режимдегі көрмеге қойылған материалдарды химиялық-фотографиялық өндеу;

фотографиялы бейненің және эмульсиялы қабаттың жағдайының сапасын бағалау;

кинофотоөнімнің кіші партияларының сапасы және үлкен партияларды жинақтау жайлы қортындыны дайындау;

өнімдерге паспорт ресімдеу;

қабылдан алушы-тұтынушыға кинофотоматериалдардың арнайы түрлерін ұсыну;

кинофотоматериалдарды дайындауды бақылайтын бақылаушылардың жұмысын қорытындылау;

біліктілігі төмен жарықсезгіш бақылаушыларға басшылық жасау.

62. Білуге тиіс:

табиғи және павильонды түсірілімдерді әртүрлі жағдайларда бақылау және экспозициясын анықтау тәсілдерін;

дайын кинофотоөнімнің мақсатын және оны өндеудің технологиясын.

## **29-параграф. Желатиндеу аппаратшысы, 2-разряд**

63. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті желатиндеу аппаратшысының басшылығымен желатиндеу машинасының жекелеген тораптарына қызмет көрсету;

транспортер лентасына желатинді гельді механикалы салу үшін торшалар орнату; желатинді гельдерді торшаларды кептіруге жіберу;

торшаларды ақаулау;

қызмет көрсетіліп жатқан торларды тазарту;

әр партиядан кейін немесе желатинді еріткіштернің сортынан кейін бөлмені стерильдеу.

64. Білуге тиіс:

желатиндеу технологиялық процесін;

негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылымын.

## **30-параграф. Желатиндеу аппаратшысы, 3-разряд**

65. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары желатиндеу аппаратшысының басшылығымен желатиннің әртүрлі маркаларына арналған желатинді ерітінділерді фракциялар бойынша пісіру әдісімен алудың технологиялық процесін жүргізу;

желатинді ерітінділерді қабылдау, сақтау және өлшеуіштерге және желатиндеу машинасының фильеріне беру;

желатин ерітінділерін дайындау, сұзу, беру, оларды сақтау режимін реттеу;

жинақтан қақты шығару, оны жуу және корзинадан қатты қалдықтарды шығару және оны жуу;

булы табақшаларды, стакандарды жинау және демонтаждау;  
фильтрлайтын құрылғыларды дайындау;  
талдау жүргізу үшін сынамаларды алу;  
желатинді еріткіштерді партия және ассортимент бойынша есептеу;  
қызмет көрсетіліп жатқан тораптарды және коммуникацияларды стерильдеу және тазарту;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтың жұмысындағы ақауларды жою.

66. Білуге тиіс:  
желатинде қайнату, желатиндеу технологиялық процесін;  
тиелетін шикізаттың, желатин ерітінділерінің, еріткіштердің физикалық-химиялық қасиеттерін;  
негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылым принципін.

### **31-параграф. Желатиндеу аппаратшысы, 4-разряд**

67. Жұмыс сипаттамасы:

фракция бойынша қайнату тәсілімен желатиннің бір-екі маркасы үшін желатинде еріткіштерді алу технологиялық процесін, толассыз желатиндеу-жазу агрегаттарында еріткіштерді желатиндеу процесін жүргізу;

кулген айналдырылған оссейннің партиясын құрау, күкірт қышқылының ерітіндісін дайындау және оларды мөлшерлеу;

сынамаларды алу;

желатинде еріткіштерді жинақтаушыға жіберу;

еріткіштерлерді мөлшерлеу және бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша процесті жүргізу, желатиндейтін лентаға еріткіштерді қую жуандығы мен қалыңдығын, еріткіштердің концентрациясына байланысты лентаның қозғалужылдамдығын және кесу және тарту процестерін реттеу;

коммуникацияны, қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтарды стерильдеу, тазалығын бақылау және олардың жұмысындағы ақаулығын жою.

68. Білуге тиіс:

фракция бойынша желатинде қайнату технологиялық процесін;  
қую, желатиндеу, кесу және жаю процесін;

кулген айналдырылған оссейннің, желатин ерітінділерінің, желатиннің сапалы көрсеткіштерін, желатинде өндіру технологиялық процесінің схемасын;

сынамаларды алу қағидаларын;

қызмет көрсетелеп жатқан жабдықтардың құрылымын.

## **32-параграф. Желатиндеу аппаратшысы, 5-разряд**

### **69. Жұмыс сипаттамасы:**

әртүрлі фракциялы желатин ерітінділерін алу үшін коллагенді қайнатудың технологиялық процесін, желатиннің барлық сұрыптарын қырғыш жылу алмастырыштарда желатиндеу және үздіксіз жұмыс істейтін таспалы кептіргіштерде желатинді кептіру процесін жүргізу;

шикізаттың әрбір түрі бойынша еріткіштерді, қоспаларды мөлшерлеуді есептеуді жүргізу;

желатиндеудің температуралы режимін, ауаны салқындану температурасын және ылғалдығын, кептірудің температуралы режимін және студняны кептірге жіберуді, оның аймақтан-аймаққа жіберілуін бақылау және реттеу;

студняның сапасын органолептикалық бақылау;

желатинді кептіру, ылғалдығын бақылау және реттеу процесін жүргізу;

желатиннің шығуын есептеу;

кептіргіштердің дуалды шахталарындағы ауа фильтрларын әзірлеу, мерзімді ауыстыру және тазарту;

технологиялық жабдықтың ақауларын жою, оны баптау және ағымдағы жөндеу.

### **70. Білуге тиіс:**

коллагенді қайнатудың, желатинизациялаудың, кондицияланған ауаны дайындаудың, таспалы кептіргіштерде желатинді кептірудің технологиялық процесін;

желатиннің барлық ассортиментінің физика-химиялық қасиеттерін, техникалық шарттары мен стандарттарын;

зертханалық талдау жүргізу, компоненттерді мөлшерлеуді есептеу және желатинді пісірудің онтайлы режимін таңдау әдіstemесін;

технологиялық жабдықтың және қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен жұмыс істеу принципін.

## **33-параграф. Калибрлеу аппаратшысы, 2-разряд**

### **71. Жұмыс сипаттамасы:**

арнайы калибрлеу агрегатында шроттарды калибрлеу;

тасымалдайтын шнекке экстракторлардың астыңғы бункерлерінен шротты түсіру;

оросительді жүйелі жылтырататын агрегатта шротты жуу технологиялық процесін жүргізу және шөмішті элеваторларға жуылған шротты тасымалдау;

арнайы жабдықтың көмегімен тасымалдайтын шнекке шротты жіберуді реттеу;

қызмет көрсетіліп жатқан участкеде оросительді жүйені және толқынды жүйені бақылау.

### **72. Білуге тиіс:**

шротты жуу, калибрлеу және тасымалдау технологиялық схемасын; қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың құрылымын және жұмыс істеу принципін; тасымалдау шнегіне шротты беруді реттеу қағидаларын.

### **34-параграф. Калибрлеу аппаратшысы, 3-разряд**

73. Жұмыс сипаттамасы:

калибрлеу агрегатында шротты калибрлеу;

толқынды-жуу сұзгіштерді, көпшөмішті элеваторларды, қайталама үгітетін үгіткіш машиналарға қызмет көрсету;

шротты элеваторларға бір уақытты жуу және қайта үгітумен қайта тасымалдау;

шротты шөмішті элеваторларға және үгіткіш машиналарға берілуін реттеу;

қызмет көрсетілетін технологиялық жабдықтың жұмысын бақылау, іске қосу және тоқтату, оның жұмысындағы ақауларды жою.

74. Білуге тиіс:

қалдықтарды калибрлеу және балқыту технологиялық схемасын;

шротқа қойылатын технологиялық шарттарын;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтың құрылымын және жұмыс істеу принципін;

улы заттарды қолдану қағидаларын.

### **35-параграф. Калибрлеу аппаратшысы, 4-разряд**

75. Жұмыс сипаттамасы:

толассыз жұмыс істейтін агрегатта шротты калибрлеу технологиялық процесін жүргізу;

агрегаттың барлық тораптарын қосу;

шроттың калибрлы барабанға тасымалдануын, жуылуын және тиелуін бақылау;

толассыз жұмыс жасайтын калибрлы барабандарда шротты ыстық суда жуумен механикалы калибрлеу операциясын жүргізу;

калибрленген шротты жуатын толқынды илеуіштер арқылы қайта жуумен және үгітілуімен түсіру;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтарды тазарту;

біліктілігі төмен калибрлеу аппаратшыларыды басқару.

76. Білуге тиіс:

шротты калибрлеу технологиялық процесін;

негізгі және қосалқы жабдықтардың, бекіту арматурасының құрылымын және коммуникация схемасын;

улы ерткіштермен жұмыс жасаған кезде сақтандыру шараларын және қағидаларын; шротты дайындауға арналған техникалық шарттар мен технологиялық регламент; ерткіштер мен шроттың физика-химиялық қасиеттерін;

шрот сапасын талдау әдістемесін.

### **36-параграф. Кесіндіні қышқылмен өңдеу аппаратшысы, 4-разряд**

77. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары кесіндіні қышқылмен өңдеу аппаратшысының басшылығымен айналмалы аппараттарда біркелкі коллагенді массаны алғанға дейін коллагеннің құрамын қосыту және әктің қалдығын бейтараптандыру үшін гольді кесіндіні тұзды қышқылмен өңдеу технологиялық процесін жүргізу;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтарды және коммуникацияларды жұмысқа дайындау;

құнарландырылған тұзды қышқылды қабылдау және өлшеттін бактарлы онымен толтыру;

құнарландырылған тұзды қышқылды, ерітіндіні және суды мөлшерлеу;

гольді кескіндерді аппараттарға тиесінде аспалы крандардың көмегімен дайын өнімді түсіру;

іріктелген ерітінділерді ағызу;

сынамаларды іріктеу;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты жөндеу жұмыстарына дайындау және оны жөндеу жұмыстарынан қабылдау.

78. Білуге тиіс:

негізгі және қосалқы жабдықтарды, қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

коммуникация схемасын, бейтараптандыру және қышқылмен өңдеудің технологиялық схемасын;

қолданылатын шикізаттың, қосалқы материалдың және дайын өнімнің физикалық-химиялық және техникалық қасиеттерін;

сынама алу қағидаларын және талдау жүргізу әдістемесін.

### **37-параграф. Кесіндіні қышқылмен өңдеу аппаратшысы, 5-разряд**

79. Жұмыс сипаттамасы:

айналмалы аппараттарда біркелкі коллагенді массаны алғанға дейін тұзды қышқылмен гольді кесіндіні өңдеу технологиялық процесін жүргізу;

жуу сулары мен материалдың "рН" технологиялық процесін, ерітінді концентрациясын, су беру жылдамдығын бейтараптандыру, жуу және пиклеу, бақылау және реттеу;

қышқылмен өңдеу сапасын анықтау, сынамаларды талдау нәтижелері, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері және көзбен қарап тексеру бойынша аралау;

тұз қышқылының мөлшерін оның концентрациясына, пісіп-жетілу дәрежесіне және шөп кесу түріне байланысты есептеу;

өндөлген ерітіндін ағызу;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты қосу және тоқтату, ақауларын жою, жөндеу жұмыстарына дайындау және оны жөндеу жұмыстарынан қабылдау;

қышқылдандыруға арналған аппараттарға, өлшеуіштерге, бақылау-өлшеу аспаптары мен коммуникацияларға қызмет көрсету;

талдау жасау;

технологиялық режимнің сақталуын бақылау;

пайдаланылатын материалдарды есепке алу, өндірістік журналда жазбалар жүргізу; кесіндін қышқылды өндеу аппараттарын реттеу;

біліктілігі төмен кесіндін қышқылды өндеу аппаратшыларына басшылық жасау.

80. Білуге тиіс:

кесіндін қышқылды өндеу технологиялық процесі мен параметрлерін және оларды реттеу қағидаларын;

қолданылатын аспаптардың құрылышы мен жұмыс істеу принципін, коммуникация схемасын;

шикізаттың, қосалқы материалдардың және дайын өнімнің физикалық-химиялық және технологиялық қасиеттерін;

сынама алу қағидаларын және талдау жүргізу әдістемесін.

### **38-параграф. Кинопленкаларды айқындаушы, 2-разряд**

81. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары кинопленканы айқындаушының басшылығымен айқындастын машинаның жарық жағында экспонирланған қара-ақ позитивті химия-фотографиялық өндеу процесін жүргізу;

қара-ақ позитивті айқындастын машинаның жарық жағында айқындау бойынша бөлек операцияларды жүргізу, машинадан айқындалған қара-ақ позитивті түсіру;

бөліктерді немесе бөлек роликтарды айналдыру, ілеспе құжатнаманы толтыру және корапқа салу;

позитивтарды келесі операцияға жіберу;

кептіретін айқындастын машинаның кептіретін шкафында кептіру режимін бақылау.

82. Білуге тиіс:

көрініс кезінде пленканы жуу және кептіру режимдерін;

маңызды бөлшектердің мақсатын және қызмет көрсетіліп жатқан айқындауыш машинаның жұмыс істеу принципін;

қара-ақ кинопленкаларды фотографиялық өндеудің негіздерін.

## **39-параграф. Кинопленкаларды айқындаушы, 3-разряд**

83. Жұмыс сипаттамасы:

фильмкөшірмелерін және фонограммаларды, бланк-фильмдерді, матричті, дубль-позитивті және басқада кинопленкаларды айқындастын машинаның жарық жағында химия-фотографиялық өндегу процесін жүргізу;

өндегу кезінде кинопленканың үстіңгі жағының техникалы жағдайын, температурасын, айналымын және өнделіп жатқан ерітінділердің денгейін бақылау;

айқындау машинасын іске қосуға дайындау, пленкамен зарядтау, бактарды ерітінділермен толтыру;

кинопленканы тану, бекіту, ағарту, жуу және кептіру режимдерін бақылау;

мөлшерлеу құрылғыларының жұмысын бақылау;

ілеспе құжаттаманы толтыру, ілеспе паспортқа сәйкес кинопленка сынамаларын сыйыптау;

қызмет көрсетілетін жабдыққа профилактикалық күтім жасау.

84. Білуге тиіс:

гидротипия әдісімен алынған көп қабатты пленкаларда және фильм көшірмелерінде қара-ақ және түрлі-түсті фильм көшірмелерін өндегу технологиясын;

өндегу ерітінділерінің құрамын;

әртүрлі үлгідегі айқындағыш машиналардың құрылышы мен жұмыс істеу принципін

;

мөлшерлеу құрылғыларының жұмыс істеу принципін;

фонограммаларды қайта көрсету приставкасының құрылғысын.

## **40-параграф. Кинопленкаларды айқындаушы, 4-разряд**

85. Жұмыс сипаттамасы:

белсенсіз жарық жағдайында әртүрлі жүйелі айқындастын машиналардың қаранды беллігінде белгіленген режим бойынша фильмкөшірмелерін, фонограмма негативтерін химия-фотографиялық өндегу процесін жүргізу;

айқындастын машинаның лента созғыш трактың бәсендету;

жарықты орнату үшін эталонды нормаланған сынамаларды өндегу.

86. Білуге тиіс:

газ-аяу коммуникацияларының схемасын;

құю режимін, құю агрегатының тораптарын реттеу әдістерін;

сынама алу қағидаларын.

## **76-параграф. Магнитты ленталарды құйып алушы-аппаратшы, 5-разряд**

162. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары магнитті ленталарды құйып алушы-аппаратшының басшылығымен балқытатын агрегаттарда немесе автоматтандырылған экструдерларда әртүрлі тағайындаулы магнитті ленталарды құю технологиялық процесін жүргізу;

қалпақшаны және фильтерларды дайындау және орнату, цилиндр аймағын және қалпақшаны белгіленген температураға дейін жылдыту;

бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматты жүйелердің көмегімен жабдықты баптау, магнитті таспаларды құю процесін бақылау және реттеу;

өндіріліп жатқан магнитті ленталардың сапасын бақылау;

балқытатын агрегаттардың жұмысындағы ақаулықтарды жою; өндірістік журналда жазба жүргізу.

163. Білуге тиіс:

автоматтандырылған экструдерларда магнитті ленталарды құю технологиялық схемасын;

балқыту агрегатына кіретін механизмдердің құрылышын, конструктивтік ерекшеліктерін және пайдалану қағидаларын;

агрегаттарды электрмен қоректендіру схемасын;

негіз қалындығын бақылау әдістерін;

қызмет көрсетілетін жабдықты баптау тәсілдерін.

## **77-параграф. Магнитты ленталарды құйып алушы-аппаратшы, 6-разряд**

164. Жұмыс сипаттамасы:

изотропты қалындық өлшегіштермен жабдықталған автоматтандырылған экструдерларда әртүрлі тағайындаулы магнитті ленталарды құю технологиялық процесін жүргізу;

экструзия, құйылым, шикізаттың түріне және шығарылып жатқан өнімнің талап етілетін түріне байланысты магнитті ленталарды салқыннату және орау режимін таңдау;

электронды және басқада бақылау-өлшеу құралының көрсеткіштері бойынша технологиялық процесті бақылау және реттеу;

шикізаттың шығынын есептеу;

біліктілігі төмен магнитті лентаны құюшы-аппаратшылардың жұмыстарына басшылық жасау.

165. Білуге тиіс:

магнитті ленталарды экструзиялаудың технологиясын;

берілген параметрлерге механизмдерді реттеу қағидалар мен тәсілдерін;

бөлек тораптардың жұмыстарының режимы және ілеспелілігі;

пайдаланылатын шикізаттың шығысын, дайын өнімнің шығымын есептеу әдістемесін;

автоматты жабдықтарды басқару схемасын.

## **78-параграф. Магнитты ленталарды құюшы-аппаратшы, 4-разряд**

166. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары магнитті ленталарды құюшы-аппаратшының басшылығымен толассыз жұмыс істейтін фильтерлі машинада магнитті лакты пленкаға құю технологиялық процесті жүргізу;

орауды, кептіруді және фильерлі машиналарға пленканы орауды бақылау, дайын өнімді түсіру және оны қоймаға тапсыру;  
соңғы талдау үшін үлгілерді алу;  
қосалқы жабдықтардың жұмыс істеуін бақылау;  
жолдама карточкаларды толтыру.

167. Білуге тиіс:

қолданылып жатқан барлық негіздердің және магнитті ленталарды өндіріс технологиясын;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу күралдарының құрылымын;

газ-аяу қоспасының қасиеттері мен рұқсат етілген концентрациясын;  
қосалқы жабдықты іске қосу және тоқтату тәртібін;

фильер машиналарының ауа және шикізат қоректік коммуникацияларының схемасын.

## 79-параграф. Магнитты ленталарды қуюшы-аппаратшы, 5-разряд

168. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары магнитті лентаны қуюшы-аппаратшының басшылығымен толассыз жұмыс істейтін фильмілі машинада немесе экструзионды машинада пленкаға лак қую технологиялық процесін жүргізу;

қызмет көрсетіліп жатқан машиналардың құятын қалпақшаларын реттеу;

құятын агрегаттарға қюодың жылдамдығын, әр дайындау аймағына жеке жіберілетін және түсетін ауаның мөлшерін және негізді кептіру арқылы оңтайлы жұмыс режимін таңдау;

лак пен катализатордың берілуін, берілетін ауаның температурасын, негіздің тартылуын, қызмет көрсетілетін машиналардың визитаждық торабында суару сапасын бақылау, реттеу және оларды баптау;

технологиялық журналға жазба жүргізу.

169. Білуге тиіс:

магниттік лакты пленкаға суару процесінің рецептурасы мен технологиялық схемасын;

қызмет көрсетілетін машиналардың конструктивтік ерекшеліктерін, жұмыс істеу принципін, пайдалану және баптау қағидаларын;

шығарылатын магниттік таспаның стандарттары мен техникалық шарттарын.

## 80-параграф. Магнитты ленталарды қуюшы-аппаратшы, 6-разряд

170. Жұмыс сипаттамасы:

экструзиялы машинада немесе толассыз жұмыс істейтін құятын машиналарда магнитті лакты құю технологиялық процесін жүргізу;

тазартылған суда ультрадыбыстық толқындар арқылы кейіннен ыстық тегістеліп жылтыратылған металды валда тегістеу арқылы негізді құюға дайындау;

процесті автоматты немесе қолдан жүргізу кезінде қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтарды қосу және тоқтату;

лак пен катализатордың қатынасына, қолданылатын қабаттың қалындығына, магниттік лактың тұтқырлығына және растрлық біліктің сзығына байланысты суару жылдамдығын реттеу арқылы оңтайлы режимді тандау;

кептіру аймақтары бойынша берілетін және сорылатын ауаның ауа ағыны көлемінің арақатынасын тандау;

лак құбырларындағы магниттік лактың тұрақты қысымын қамтамасыз ететін, магнитті лакты ракель пышағымен алғаннан кейін беру, суару машинасы тораптарының синхронды жұмысын қамтамасыз ететін автоматты құрылғыларды бақылау және реттеу;

суарылатын магниттік таспаның сапасын сыртқы түрі, төгілу ені, жұмыс қабатының қалындығы, электр-акустикалық және физикалық-механикалық сынақтар нәтижелері бойынша бақылау;

біліктілігі анағұрлым тәмен магнитті таспаларды құю аппаратшыларының жұмысына басшылық ету;

дайын өнімге құжаттаманы толтыру.

#### 171. Білуге тиіс:

магнитті лакты суару машинасында суару процесінің технологиялық схемасын;

магниттік лактың сипаттамаларын, оны суаруға дайындаудың технологиялық схемасын;

суару машинасының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін блоктау және сигнал беру жүйелерін;

барлық технологиялық параметрлерді синхрондау қағидаларын;

шикізат шығынын және дайын өнімнің шығуын есептеу әдістемесін.

### **81-параграф. Магнитті ленталарды кесуші, 2-разряд**

#### 172. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары магнитті ленталарды кесушінің басшылығымен бойлық-кесетін машиналарда магнитті ленталарды кесу бойынша бөлек операцияларды орындау;

бойлық кесетін машиналарға рулондарды тасымалдау;

орайтын тораптарға магнитті лентаның рулонын орнату;

орайтын валдарға катушкаларды салу;

арнайы металды науага және торлардан магнитті ленталармен катушкаларды тұсіру және алу;

келесі операцияларға магнитті ленталарды тасымалдау.

173. Білуге тиіс:

өндөлетін магниттік таспалардың физика-химиялық қасиеттерін;

магниттік таспаларды кесу бойынша жекелеген операцияларды орындау тәсілдерін; кесу машинасының негізгі түйіндерінің өзара әрекеттесу шарттарын.

## **82-параграф. Магнитті ленталарды кесуші, 4-разряд**

174. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі конструкциялы кесетін машиналарда магнитті және жапсыратын ленталарды белгіленген өлшемдегі жолақтарға кесу;

магнитті ленталардың рулонын орайтын тораптарға орнату және орайтын жиектерді кесетін және қабылдау-орау механизмдеріне жіберу;

ракордтарды жапсыру, кесу машинасын іске қосу, автобұғаттауды және автоматиканы тексеру, басқару пультінен кесу режимін реттеу;

кесліген таспалардың сапасын тексеру, ақаулы жерлерді жою немесе белгілеу, қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысындағы ұсақ ақауларды жою;

ілеспе құжатнаманы толтыру;

біліктілігі төмен магнитті ленталарды кесушілерді басқару.

175. Білуге тиіс:

магниттік таспалардың физикалық-механикалық қасиеттері және өндеу технологиясын;

қызмет көрсетілетін жабдықтың, қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылышы мен жұмыс істеу принципін;

үй-жайлардың термогигрометриялық режимін.

## **83-параграф. Магнитті ленталарды перфораторлаушы, 2-разряд**

176. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары магнитті ленталарды перфораторлаушының басшылығымен арнайы машиналарда магнитті ленталарды перфорлау технологиялық процесінің бөлек операцияларын орындау;

компостерда роликтардың реттеуші жиектердін тесу;

ролик-катушкаларды перфорациялы машиналарға тасымалдау және оларды магнитті ленталарды келесі өндеу сатысына жіберу;

перфорациялы машиналарды жинақтарын перфорациялы кесілудерден мерзімді тазарту;

қалдықтарды жинау және тиесу;

перфорациялы машиналардың жұмыстарын бақылау және олардан перфорланған роликтарды түсіру.

177. Білуге тиіс:

ленталарды перфорлау процесін;

магнитті ленталардың ассортиментін және олардың қасиеттерін.

## **84-параграф. Магнитті ленталарды перфораторлаушы, 3-разряд**

178. Жұмыс сипаттамасы:

перфорлау машиналарында магнитті ленталарды перфорлау технологиялық процесін жүргізу;

перфорациялы машиналарды және автоматика құралдарын тексеру;

магнитті таспаның ролик-катушкасын тарқататын торапқа толтыру және тесілетін таспаны біліктер жүйесі мен тесетін механизм арқылы қарау торабына өткізу;

тесетін қуралдың жұмысын және перфорлаушы лентаның созылуын бақылау;

перфорация симметрияларын реттеу;

перфорлаудың сапасын көзбен бақылау және зертханалық талдау үшін сынамаларды алу;

перфорланған ролик-катушканы алу және қорапқа салу;

қосалқы заттаңбаны және өндіріс журналын толтыру;

біліктілігі жоғары магнитті ленталарды перфораторлаушыларды басқару;

перфораторлаушы машиналардың жұмысындағы ақаулықтарды жою.

179. Білуге тиіс:

тесілетін таспалар ассортиментінің физика-химиялық қасиеттерін;

перфорациялық машинаның құрылымы мен жұмыс істеу принципін;

жұмыс бөлмесіндегі гигрометриялық және жарықтехникалық режимдерін.

## **85-параграф. Майтазарту аппаратшысы, 3-разряд**

180. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анағұрлым жоғары май тазалау аппаратшысының басшылығымен технологиялық майды алдын ала тұндыру және тазалау технологиялық процесін жүргізу;

экстракция бөлімшесінен мисцеллаларды қабылдау, сорғыларды іске қосу және тоқтату, қызмет көрсетілетін жабдықтар мен коммуникацияларды дайындау, тазартылған техникалық майды айдау үшін ыдыстар мен автоцистерналарды тазалау және дайындау, шламды түсіру.

181. Білуге тиіс:

гидротазарту процесінің технологиялық схемасын;

техникалық май мен еріткіштердің физика-химиялық қасиеттерін;

улы еріткіштермен және қышқылмен жұмыс істеу кезіндегі қағидалар мен сақтық шараларын;  
негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылышын.

## **86-параграф. Майтазарту аппаратшысы, 4-разряд**

182. Жұмыс сипаттамасы:  
булау және тұндыру әдісімен техникалық майды тазартудың технологиялық процесін жүргізу;  
ластанған суды май тұтқыш арқылы алдын ала тұндыру және жою, қайта тұндырудан кейін бөгде қоспалары бар акуызды заттарды алып тастау;  
температуралық режимді бақылау, майдың тазалық дәрежесіне сынама алу, тауарлық техникалық майдың сорттылығын анықтау;  
технологиялық журналды жүргізу, дайын өнімді есепке алу;  
біліктілігі анағұрлым төмен май тазалау аппаратшыларын басқару.

183. Білуге тиіс:  
гидротазарту процесінің технологиялық схемасын;  
техникалық май мен еріткіштердің физика-химиялық қасиеттерін;  
улы еріткіштермен және қышқылмен жұмыс істеу кезіндегі қағидалар мен сақтық шараларын;  
негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылышын.

## **87-параграф. "Момент" фотожинағының монтажшысы, 3-разряд**

184. Жұмыс сипаттамасы:  
фотожинақтың позитивтік және негативтік катушкаларын монтаждау;  
кесу станоктарында және престерде позитивтік, төсеу, теріс және басқа таспалар мен жабысқақ фиксатор бағыттамаларын кесу;  
қажетті жартылай фабрикаттарды дайындау, зертханалық сынақтар үшін сынамаларды іріктеу, жинақты түпкілікті таңбалау.

185. Білуге тиіс:  
фото жинақтың негативті және позитивті таспаларының физика-химиялық және механикалық қасиеттерін;  
жартылай фабрикаттар мен дайын фото өнімдердің стандарттары мен техникалық шарттарын.

## **88-параграф. "Момент" фотожинағының монтажшысы, 4-разряд**

186. Жұмыс сипаттамасы:

"Момент" фотожинағының негативті және позитивті материалдарымен катушкаларды монтаждау;

жарықсезгіш материалды алдын-ала визитаждау және жинайтын жиектерін мұсіндең кесу;

позитивты лентада және төсейтін қағазда кадрлардың кесігін және терезелердің тетігін сәйкестігін тексеріп жарықсезгіш негативті және позитивті ленталарды катушкаға орау;

төсем қағазбен позитивті фотоқағазды пресс-утюгпен жапсыру;

айқандайтын паста толтырылған капсулалы позитивті лентаны монтаждау;

негативті лентаның ракордың позитивті лентаға жапсыру;

кесу және монтаждау жабдықтарын баптау;

біліктілігі төмен "момент" фотожинағының монтаждаушыларын басқару.

187. Білуге тиіс:

"Момент" фотокөшірмесінің негативті және позитивті материалдарының физика-химиялық және механикалық қасиеттерін;

жартылай фабрикаттар мен дайын фотоөнімдердің стандарттары мен техникалық шарттарын;

сынама алу қағидаларын.

## **89-параграф. Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы, 2-разряд**

188. Жұмыс сипаттамасы:

сериялық позитивтің техникалық сапасын тексеру;

жұмыс ерітінділеріне талдау жүргізуге қатысу;

баспаға нарядтарды ресімдеу және ақаулы фонограммалар мен фильм көшірмелерін түзету;

сенситограммаларды денситометрге қою, оларды денситометрде өлшеу;

көшіру аппараттарының экрандары мен баспа терезелерінің жарықтандырылуына өлшеу жүргізу.

189. Білуге тиіс:

пленканы өндіру және өңдеу технологиясы бойынша жалпы мәліметтер;

пленкамен жұмыс істеу тәсілдері мен қағидаларын.

## **90-параграф. Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы, 3-разряд**

190. Жұмыс сипаттамасы:

фонограммалармен фильм көшірмесінің техникалық, фотографиялы сапасын бақылау;

дыбысталудың, ілеспеліліктің, фонограммалардың қалындығын, түрлі-түсті фильмкөшірмесін рестраврациядан кейін сапасын тексеру;

дайын өнімнеге сенситометрлі бақылау;

жұмыс ерітінділеріне талдау жүргізу.

191. Білуге тиіс:

қара-ақ және түсті пленкаларды, фильм көшірмелерін өндіру және өндеу технологиясын;

кинофильмдерді көрсету режимін;

дайын өнімнің стандарттарын, техникалық шарттарын, сенситометриялық сипаттамаларын.

## **91-параграф. Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы, 4-разряд**

192. Жұмыс сипаттамасы:

экспортқа арналған қара-ақ фильм материалдарының, аралық позитивтердің, контратиптердің, бақылау көшірмелерінің, фонограммалар негативтерінің, гидротипияға арналған пленкалардың, реставрациядан кейінгі аралық фильм материалдарының, қара-ақ фильм көшірмелерінің техникалық және фотографиялық сапасын бақылау;

матрицаларды және бланкфильмдерді гидротипті орын ауыстыруға дайындау, осы процесті бақылау;

кинофильмнің бөлшектерін реставрациядан кейін монтаждау және экранда тексеру;

; түрлі-түсті және ақ-қара үлдір үшін өндеу режимін орнату;

түсіп жатқан химикаттарға талдау жүргізу, фиксажды және жуатын суларда күмістің барын анықтау.

193. Білуге тиіс:

қарсы сипалау технологиясын;

дыбысты жазу және ойнату негіздерін;

өндеу ерітінділерінің, сенситометрлердің рецептурасын;

химия негіздерін;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылышын.

## **92-параграф. Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы, 5-разряд**

194. Жұмыс сипаттамасы:

түсті фильм материалдарының, аралық позитивтердің, контратиптердің, бақылау көшірмелерінің, ағымдағы 35-милиметрлі негатив пен позитивтің техникалық және

фотографиялық сапасын, дыбысталу сапасын, үндестігін, оптикалық тығыздығы мен магниттік фонограммалар деңгейін бақылау;

экспортқа арналған тұрлі-тұсті фильмкөшірмесін, кең форматты фильм көшірмесін және 35-миллиметрлі фильмкөшірмесін кинопроекцияның жоғары жылдамдығында бақылау;

фильм материалдарының сенситометрлі көрсеткіштерін және геометриялы параметрлерін өлшеу;

фильм материалдарының барлық түрінің техникалы жағдайын қолданылу процесі кезінде немесе реставрациядан кейін бақылау;

эталонды немесе тәжірибелі фильм көшірмесін қарау және тексеру;

пленканың техникалы жағдайын немесе перфорацияның сапасын анықтау;

қорғаныс жиектерін жапсыру;

ілеспе құжатнаманы толтыру;

ақаулы орындарын жарамсыз деп тану;

түзетілген бөліктерден фильмдерді монтаждау және оларды экранда тексеру.

195. Білуге тиіс:

алғашқы фильм материалдарын дайындау технологиялық процесін;

кинопроекция технологиясының және техникасының негіздерін;

киноөндіріс технологиясының негіздерін.

196. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

### **93-параграф. Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы, 6-разряд**

197. Жұмыс сипаттамасы:

ағымдағы 70-миллиметрлі негативті және позитивті, барлық форматтағы бейнелерді, эталонды көшірмелерді, магнитті фонограммалардың түпнегізін, "шу және әуен" магнитті фонограммаларын, аралық позитивті, контративті және бақылау көшірмесін кинофильм бойынша фильм материалдарының жинағының техникалы және фотографиялы сапасын тексеру;

сенситометрлі бақылау және жинақтың сапасы жайлы қорытынды жасау;

өткен жылдарда өндірілген кинофильмдердін фильм материалдарын және шет елде өндірілген жинақтарды, реставрациядан кейін техникалы тозған фильмдерді бақылау және апробациялау;

негативті материалдарға қосымша мөлшерленген жарық түсіруді бақылау;

пленка өндіретін фабрикалардан түсетін жарықсезгіш материалдардың сапасы жөнінде қорытынды жасау;

техникалық құжаттаманы ресімдеу.

198. Білуге тиіс:

негативті және аралық материалдарды өзірлеу технологиясын; фотография, сенситометрия, фильм көшірмелерін көшіру процесінің негіздерін.

199. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## 94-параграф. Синтетикалы бояуларды өндіру аппаратшы, 2-разряд

200. Жұмыс сипаттамасы:

синтетикалы бояуларды өндіруге арналған жартылай фабрикаттарды синтездеу технология процесінің қосалқы операцияларын орындау;

қызмет көрсетіліп жатқан аппараттарды тазарту, жуу және құрау;

шикізатты әкелу, орамын шешу;

қатты заттарын үгіту және жуу;

дайын аспаларды араластыру;

біліктілігі анағұрлым жоғары синтетикалық бояғыштар өндіру аппаратшысының басшылығымен шикізатты аппараттарға тиесу және дайын өнімді түсіру;

дайын өнімге арналған ыдысты дайындау, оны өлшеп орау және орау.

201. Білуге тиіс:

ерітінділерді дайындау, қатты заттарды ұсақтау қағидалары;

қызмет көрсетілетін аппараттарды бөлшектеу және құрастыру қағидалары және оларды тазалауға қойылатын талаптар.

## 95-параграф. Синтетикалы бояуларды өндіру аппаратшы, 3-разряд

202. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары синтетикалы бояуларды өндіру бойынша аппаратшының басшылығымен синтетикалы бояуларды өндіруге арналған жартылай фабрикаттарды синтездеу технологиялы процесін жүргізу;

ерітінділерді дайындау, өлшеу кезінде дәлме-дәлдікті талап етпейтін шикізатты мөлшерлеу;

шикізатты және ерітінділерді аппаратқа тиесу;

бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен бөлек аппаратта синтездеу технологиялы процесін жүргізу;

талдау жүргізу үшін сынамаларды алу;

қосалқы жабдықты қосу және тоқтату.

203. Білуге тиіс:

жартылай фабрикаттарды синтездеу технологиялық процесін;

қышқылдар мен сілтілер, натрий нитраты және басқалары ерітінділерін дайындау, қатты, күйдіргіш және зиянды заттарды ұсақтау, тез тұтанатын заттарды тасымалдау, тиесу және түсіру қағидаларын;

қолданылып жатқан шикізаттардың, жартылай фабрикаттардың қасиеттерін;

қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының мақсатын және оларды пайдаланып технологиялық процесті басқару қағидаларын.

## **96-параграф. Синтетикалы бояуларды өндіру аппаратшысы, 4-разряд**

204. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс нұсқаулықтарына сәйкес синтетикалы бояуларды өндіру үшін жартылай фабрикаттарды синтездеу технологиялық процесін жүргізу;

шикізатты және жартылай фабрикаттарды түсіруді бақылау;

қалыптастыру, тотықтану, нитрлау, диазотирлау, конденсация және тазалау процестерін жүргізу;

бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштері бойынша процестерді реттеу.

205. Білуге тиіс:

синтетикалық бояғыштарға арналған жартылай фабрикаттарды өндіру технологиясын;

қолданылып жатқан аппаратураның құрылымын.

## **97-параграф. Синтетикалы бояуларды өндіру аппаратшы, 5-разряд**

206. Жұмыс сипаттамасы:

технологиялық регламентке және жұмыс нұсқаулықтарына сәйкес синтезделген жартылай өнімдерден жасалған органикалы бояуларды (сенсибилизаторлар) синтездеу технологиялық процесін жүргізу;

вакуумды айдаудың көмегімен жартылай фабрикаттарды тазарту процесін жүргізу;

бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен және талдаудың нәтижесі бойынша бояуларды өндіру технологиялық процесін реттеу;

өндірісті бақылау және талдау жүргізу үшін сынама алу;

дайын өнімді түсіру;

шикізаттың шығының, жартылай фабрикаттардың шығына есеп жүргізу және есеп жүргізетін технологиялық карталарда жазба жүргізу;

шикізаттың және дайын өнімнің шығуын есепке алу.

207. Білуге тиіс:

органикалық жартылай фабрикаттарды және бояуларды өндіру технологиясын;

қолданылып жатқан аппаратураларды дайындау қағидаларын;

қызмет көрсетілетін аппараттар мен қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылышын;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен бояғыштардың физика-химиялық және техникалық қасиеттерін, стандарттары мен техникалық шарттарын;

шикізатқа қойылатын талаптар.

## **98-параграф. Синтетикалы бояуларды өндіру аппаратшы, 6-разряд**

208. Жұмыс сипаттамасы:

органикалық бояғыштарды (сенсибилизаторларды) синтездеудің технологиялық процесін жүргізу және технологиялық регламент пен жұмыс нұсқаулығына сәйкес оларға арналған жартылай өнімдерді синтездеу процесін бақылау;

алынатын компоненттердің санына және реакция жүрісіне байланысты қызмет көрсетіліп жатқан жабдықты тиегізу; үзіліктердің санына және реагенттердің мөлдөмділігін бақылау;

жұмыс барысында регламенттелген параметрлерді: температура, қысым, вакуум, органикалы өнімдердің химиялы түзілу процесін бақылау және реттеу;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтың жұмысындағы ақаулықты жою;

біліктілігі төмен синтетикалы бояуларды өндіру бойынша аппаратшылардың жұмыстарын басқару;

бояудың әрбір синтезі бойынша технологиялық процесс көрсеткіштерінің журналында жазба жүргізу.

209. Білуге тиіс:

органикалық жартылай өнімдер мен бояғыштар өндірісінің технологиясын;

қолданылатын шикізаттың, жартылай фабрикаттар мен бояғыштардың физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін, стандарттары мен техникалық шарттарын.

## **99-параграф. Тоқыма автоматтарының автоматшысы, 3-разряд**

210. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары тоқыма автоматтарының автоматшысының басшылығымен тоқыма автоматтарында ақуызды қабықшаның жиектерін тоқу;

ылғалдайтын еріткіштерні дайындау және ақуызды қабықшаның жиектерін жұмсарту;

тоқыма автоматын қабықша және шпагатпен толтыру;

дайын өнімді тароға салу және орауға жіберу;

тоқыма автоматтарын баптау, тазалау және майлау.

211. Білуге тиіс:

тоқу автоматтарының құрылғысын, жұмыс істеу принципін және баптау қағидаларын;

акуыз қабығына, қосалқы материалдарға, сондай-ақ қабық ұштарын байлау сапасына қойылатын талаптар.

## **100-параграф. Тоқыма автоматтарының автоматшысы, 4-разряд**

212. Жұмыс сипаттамасы:

тоқыма автоматтарында акуызавтоматтарының жиектерін тоқу;

тоқыма автоматтарының іліп алатын горфирлейтін, тоқитын және пакеттейтін құрылымының толассыз, ілеспелі жұмысын реттеу және қамтамасыз ету;

тоқу сапасын бақылау және арнайы құрылғыдағы түйіннің беріктігін тексеру;

тоқу автоматтарын баптау, қажет болған жағдайда - автоматты жартылай автоматты жұмыс режиміне ауыстырып қосу;

өндіріс журналына жазба жүргізу.

213. Білуге тиіс:

акуызды қабықшаларға және қосалқы материалдарға қойылатын техникалық шарттарын;

тоқу автоматтарының кинематикалық схемалары мен баптау тәсілдерін;

акуыз қабықшасының ұштарын байлау сапасына қойылатын талаптарды.

## 101-параграф. Тұзететін жарықфильтрларды мөрлеуші, 2-разряд

214. Жұмыс сипаттамасы:

целлULOидты тұзету жарық сұзгілерін арнайы визитаж-ойып жазу станогында штампылау;

станоктың кесетін құрылғыларын тексеру;

визитадау және мөрлеу үшін пакеттерді, пленкалардың роликтарын жеткізу;

арнайы визитажды үстелде боялған роликтың ленталарын орау және сапасын тексеру және ақаулы орындарын жарамсыз деп тану;

денситометрде роликтың қалындығының басын және аяғын өлшеу;

визитажды-кеекіш станокқа таңбалайтын құрылғыны орнату, роликты салу және станокты қосу;

кесілудің сапасын және жарықфильтрларға таңбалайтын белгілерді жағудың дұрыстығын бақылау;

есептейтін механизмнің жұмысын мерзімді бақылау;

жарықфильтрларды конверттерге жинау және салу;

дайын өнімді есептеу, бақылау үлгілерін дайындау;

қалдықтарды және ақауларды тапсыру.

215. Білуге тиіс:

түрлі-түсті позитивті пленкаларда басу принципін;

жарықфильтрлардың сапасына қойылатын талаптар;

штамптың тораптарының әрекеттесуін, мөрлеу тәсілдерін.

## 102-параграф. Тұсті және жарықты қоюшы, 3-разряд

216. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары түсті және жарықты қоюшының жазбалары бойынша баспаның барлық түрлері үшін түсті-жарықты паспортты дайындау;  
жарықфільтрларды кассетаға толтыру;  
түзетілетін жарықфільтрларды және тозған түсті паспорттарды сорттау;  
жұмыс түсті-жарықты паспорттың жазба паспортқа сәйкестігін тексеру.

217. Білуге тиіс:

түзетілетін жарықфільтрларының сипаттамасын;  
түсті-жарықты фільтрларды жасаудың тәртібін;  
түсті-жарықты паспорттарды дайындау үшін қолданылып жатқан жабдықтардың құрылымын;  
фильм көшірмелерінің стандарттары мен техникалық шарттарын, оларды өндірудің технологиялық регламенттерін.

## **103-параграф. Түсті және жарықты қоюшы, 4-разряд**

218. Жұмыс сипаттамасы:

визуалды сынамалар және арнай аппараттар мен жабдықтардың көмегімен қара-ақ және түрлі-түсті фильм көшірмелерін контратиптен, қара-ақ контратиптерді, аралық позитивтерді, контратиптен бақылау көшірмелерін және фонограмма негативінен баспа режимін іріктеу және бекіту.

219. Білуге тиіс:

қара-ақ фильм материалдарын өндеу технологиясын;  
сенситометр негіздерін;  
қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларын пайдалану қағидаларын;  
фильм көшірмелерінің стандарттарын және техникалық шарттарын.

## **104-параграф. Түсті және жарықты қоюшы, 5-разряд**

220. Жұмыс сипаттамасы:

баспа режимін және ағымдағы 16 және 35 миллиметрлі негативтерді өндеу, қара-ақ және түрлі-түсті негативтерден фильм көшірмелерін, түрлі-түсті контратиптерді және аралық позитивтерді іріктеу және орнату;

контратипті басу үшін қара-ақ аралық позитивке жарықты орнату;  
білікті баспа фільтрлерін этalon бойынша массалы баспа үшін анықтау.

221. Білуге тиіс:

түрлі-түсті фильм материалдарын өндіру технологиясын;  
түрлі-түсті көп қабатты кинопленкалар және түрлі-түсті сенситометр жайлы негізгі мәліметтерін;  
түс тану негіздерін;  
кинокөшіретін аппараттардың және айқындастын машиналардың құрылымын;

бастапқы фильм материалдарын басу кезінде және оларды өте ұзак сақтау кезінде пайда болатын ақауларды; фильм материалдарын сақтау тәсілдерін.

## **105-параграф. Түсті және жарықты қоюшы, 6-разряд**

222. Жұмыс сипаттамасы:  
басу және 70-миллиметрлі негативтерді өңдеу, эталонды (бақылау) көшірмелерді, экспортқа арналған фильмкөшірмелерін іріктеу және режимдерін орнату;

қара-ақ фильм көшірмелерін және аралық позитивтерді басып шығару кезінде негативтерге, оның ішінде боялған (вирирленген) жарыққа орнату;

баспаның барлық түрлері үшін түс-жарық паспорттарын қайта есептеу;

экранда сынама роликтарын, негативтен бастапқы материалдар жинағының көшірмесін, эталонды (бақылау) көшірмелерді соңғы рет тексеріп қарau;

перифериялы құрылғыларды және машинограммаларды пайдаланып түсті және жарық орнату технологиялық процесін жүргізу.

223. Білуге тиіс:  
түрлі-түсті пленкаларды өндіру технологиясын;  
түрлі-түсті кинопленкалардың құрылымын және ерекшеліктерін;  
көп қабатты пленкаларда және гидротипия әдісімен фильм көшірмелерін басып шығару және өңдеу процестерін;  
қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылымын;  
өте ұзак уақыт сақтау барысында фотографиялы қабаттың градациялы сипаттамасының өзгеруін.

## **106-параграф. Түсті және жарықты қоюшы, 7-разряд**

224. Жұмыс сипаттамасы:  
қара-ақ және түрлі-түсті ағымдағы позитивтерді басу үшін білікті форфильтрларды таңдау және орнату;

"FILMLAB" фирмасының "COLORMASTER 2000" түсталдаушысында немесе басқа фирмалардың аналогты аппараттарында түсті қою;

"FACIT" аппаратында немесе "RGB"- және "FCC"- кодты аналогты аппараттарда аддитивті түсті паспортты дайындау;

кинопленкаларды өндіруші-фирмалардың талаптарына сәйкес "LAD" шкалаларының көмегімен позитивті өңдеу процесін бақылау;

сынама көшірмелерінің, бастапқы материалдардың жинағының көшірмесін, эталонды, фестивальды және экспортты кинокөшірмелерді негативтен көшіру режимін бақылау;

экранда фильмкөшірмелерінің барлық түрлерін тексеру.

225. Білуге тиіс:

түрлі-түсті кино және фото пленкаларды өндіру технологиясын, олардың құрылым ерекшеліктерін;

компьютердің және "MS-DOS" операциялық жүйесінің, тұс анализаторының бағдарламалық жасақтамасының жұмыс істеу принципін;

"LAD" шкаларапының көмегімен фильм материалдарының сапасын тұра бақылау тәсілдерін;

әртүрлі пленкаларды басу және өңдеу процестерін.

226. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **107-параграф. Түсті және жарықты қоюшы, 8-разряд**

227. Жұмыс сипаттамасы:

"LAD" шкаларапының көмегімен дубль-позитивтарды және кинофильм контратиптерін "ECN-2" процесі бойынша өнделетін импортты кинофильм контратиптерін басу режимін таңдау және орнату;

негативті және позитивті кинопленкалардың жаңа түрлерін, сонымен қоса кинопленкалардың жаңа түрлерін түсталдаушыда қайта бағдарламалау;

кинофильмнің бастапқы қайта монтаждаудың аддитивті "RGB" және "FCC" түсті паспорттарды дайындау;

титрларға және кадр ішіндегі фондарға фондарды дайындау;

дубль-позитивті және дубль-негативті кинопленкалардағы тұтылуларды басу үшін жұмыс позитивін таңбалуа.

228. Білуге тиіс:

түрлі-түсті кино және фотопленкаларды өндіру технологиясын, кинопленкаларды басу және өңдеу процестерін;

компьютердің және "MS-DOS" операциялық жүйесінің жұмыс істеу принципін;

түсталдаушының перифериялы құрылғыларына қажетті бағдарламалы өзгертулерді енгізу әдістемесін;

түстану және сенситометрия негіздерін;

аралық позитивтерге, контратиптерге және эталонды фильмкөшірмелеріне қойылатын техникалық талаптарын.

229. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **108-параграф. Ферментті препаратты дайындау аппаратшысы, 3-разряд**

230. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары ферментті препаратты дайындаушын аппаратшының басшылығымен бактерия дақылын өсіруге арналған құнарландыратын құралдарды стирильдеуге және дайындау технологиялық процесін жүргізу;

құнарландырылатын құралдардың компоненттерін мөлшерлеу және ертінділерді дайындау;

жоғары температурада құнарландыратын ортаны стирильдеу және автоклавтарда және ферментаторларда қысым арқылы стерильдеу;

құнарландыратын ортаны салқыннату, ыдыстарды және аппараттарды стирильдеу, бөлмені дезинфекциялау;

қосалқы жабдықтарға: желдеткіштерге, сұзгілерге, компрессорларға, сепараторларға және сорғыларға қызмет көрсету.

231. Білуге тиіс:

ферментті препаратты өндіру технологиялық схемасын;

негізгі және қосалқы жабдықтардың, қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының және коммуникациялардың жұмыс істеу принципін.

## 109-параграф. Ферментті препаратты дайындау аппаратшысы, 4-разряд

232. Жұмыс сипаттамасы:

триацетатты кинофотопленкадан эмульсиялы қабаттарды жууға арналған бактерия дақылдарын себу және өсіру технологиялы процесін жүргізу;

себетін мартериалдардың оның белсенділігіне байланысты құнарландырылатын компоненттерін есептеу;

автоклавтарда және ферментаторларда құнарландырылатын құралдарды мөлшерлеу, тиеу және стирильдеу;

аппараттарда құнарландыратын ортаға биомассаны егу;

ферменттеу және араластыру процестерін, термостаттағы қоректендіру ортасының температурасын, ферментатор арқылы өтетін сығылған ауаның мөлшерін реттеу;

құнарландыратын ортаның және алынатын ферментті ертіндінің сапасын бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен және физико-химиялық талдаудың нәтижесі бойынша бақылау;

қарапайым физико-химиялы талдауларды (ертіндінің белсенділігін, ертіндінің "рН" ортасын, бактерияның дақылдарының тазалығын және өзгелер) жүргізу;

технологиялық процесті жүргізу журналына көрсеткіштерді жазу;

біліктілігі төмен ферментті препараттарды дайындау аппаратыларына басшылық жасау.

233. Білуге тиіс:

ферментті препаратты өндіру технологиялық схемасын;

ферментті препаратты өндірудің биохимиялық негіздерін және технологиялық процесінің мәнін;

қолданылып жатқан шикізаттың және дайын өнімнің физика-химиялық қасиеттерін;

ферментатордың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## 110-параграф. Фильм көшірмелерін жинақтаушы, 2-разряд

234. Жұмыс сипаттамасы:

қара-ақ және түрлі-түсті фильм көшірмесінің роликтарын қалындығын субъективті бағалау тәсілін пайдаланып, түрлі-түсті тоның және бейненің контрастылығы, бөліктері және атаулары бойынша жинақтау;

фильм көшірмесінің бөліктеріне ілеспе папорттың сәйкестігін тексеру;

корғаныс раккордын жапсыру;

скрепкаларды жою, арнайы жабдықтарда фильм көшірмелерін жапсыру;

металды қораптарға роликтарды салу және зат таңбаларын ресімдеу;

үлкен сыйымдылықтың рулондарына бөлек роликтарды біріктіру;

дайын роликтарды салу кезінде - ракордтардың барлығын және сапасын тексеру;

жинақталған фильм көшірмесін тіркеу.

235. Білуге тиіс:

пленкамен жұмыс істеу және фильм көшірмелерінің желімдеулерін жүргізу және ракордтарды желімдеу қағидаларын;

фильм көшірмелерін түсі мен сурет тығыздығы бойынша жинақтау кезіндегі рұқсат етілген ауытқуларды;

фильм көшірмелерін орау қағидаларын, роликтерді үлкен көлемдегі орамдарға біріктіру тәсілдерін;

фильм көшірмесіндегі техникалық шарттарын.

## 111-параграф. Фильм көшірмелерін жинақтаушы, 3-разряд

236. Жұмыс сипаттамасы;

фильмкөшірмелерін атаулары, қанықтығын субъективті бағалау тәсілін пайдалана отырып форматтары, түсті тонына және бейненің контрастығына байланысты жинақтау ;

тиісті мекен-жай бойынша қажетті фильмкөшірмелерінің санын жинақтау;

фильм көшірмелерінің бөліктерінің ілеспе зат таңбасына сәйкес келуін тексеру;

бақылау қызметінің компостерінің және басқада белгілерінің барын тексеру;

kestеге сәйкес фильмкөшірмесінің күнделікті түсімін тіркеу;

қабылдау-тапсыру құжаттарын дайындалап даяр фильмкөшірмесін тапсыру.

237. Білуге тиіс:

фильмдерді жинақтау тәртібін;

қанықтығының нөмірлері және бақылау сынасының бояуы бойынша фильмкөшірмелерінде біркелкі бөліктерді териу тәсілдерін;

даяр фильмкөшірмелерін сақтау шараларын және нормаларын; қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарын пайдалану қағидаларын.

## **112-параграф. Фильм көшірмелерін жинақтаушы, 4-разряд**

238. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай автоматты денситометрлерде өлшеу деректері бойынша фильмдердің атаулары, форматтары бойынша фильм көшірмелерін жинақтау;

электронды есептейтін машина мен электронды-есептейтін кешендерден алынган бақылау шкалаларының қанықтығының машинограмдылығын шешу;

шешудің мәліметтері бойынша фильмкөшірмелерін іріктеу;

фонограммалардың қанықтығын өлшеу мәліметтеріне сәйкес фильмкөшірмелерінің бөліктерін іріктеу;

фестиваль және авторлық ашылуарды өткізуге үшін экспортқа тағайындалған фильмкөшірмесін жинақтау және рәсімдеу.

239. Білуге тиіс:

машинограммалардың турлерін және оларды шешуді;

экспортқа арналған фильмкөшірмелерінің жинағының техникалық құжатнамасына толықтырулар.

## **113-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 3-разряд**

240. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі экспозициялы кинокөшіретін аппараттарда қара-ақ фильмкөшірмелерінің контратипінен массалы басылым жасау және қайта жасауларды басу;

біліктілігі жоғары фильм материалдарын көшірушінің басшылығымен кідіртілген аппаратурада және көшірудің бекітілген режимінде 32 жәнне 35-миллиметрлі негативтерге және фильм көшірмелеріне массалы және жеке-дара оптикалы немесе электрлі фонограммаларды көшіру;

тұрақты басылым режимін таңдау және қолдану;

басылым терезелерінің жарықтығын бақылау және реттеу;

басылым процесін, алынатын материалдардың жағдайын және позитивті пленкаларды басылым барысында бақылау және тасымалдайтын құралдардың жағдайын бақылау.

241. Білуге тиіс:

қара-ақ кинопленкаларды химия-фотографиялық өндіреу технологиясын;

дыбысбасу және дыбыстау негіздерін;

басылымға арналған алынатын материалдарды, магнитті ленталармен және фильм көшірмелерін баптау қағидаларын;

жұмыс істеу принципін және кинокөшіретін аппараттарды эксплуатациялау қағидаларын.

## **114-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 4-разряд**

242. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі кинокөшіретін аппараттарда түрлі-түсті фильмкөшірмелерінің контратипінен массалы басылым және экспортқа арналған фильмкөшірмелерін басу;

ағымдағы 16 және 35-миллимектрлі негативті басып шығару;

фонормалларды 32 және 35-миллиметрлі негативтерде арнайы аппараттарда оптикалық көшіру;

әрбір сигналатын үлдір осіне түс режимін автоматты реттеу үшін паспорт пен фор-сұзгіні зарядтау;

жазу режимін таңдау және дыбыс жазу аппаратурасының барлық жиынтығын баптау;

арнайы аппараттарда магнитті ұзыншалармен фильм көшірмелеріне магнитті фонограммаларды электрлі көшіру, стереофонды, көпұзыншалы магнитті фонограммаларды көшіру.

243. Білуге тиіс:

пленканың әртүрлерін өндеудің химия-фотографиялық процесінің технологиясын;

кинокөшіру аппараттарының жұмыс істеу принципін және оларды эксплуатациялау қағидаларын;

дыбыс басу және дыбыстау процесін;

көшіретін магнитті және оптикалы фонограммалардың көшіру жинағына кіретін аппаратураның мақсатын және құрылымын.

## **115-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 5-разряд**

244. Жұмыс сипаттамасы:

қара-ақ және алынатын түрлі-түсті фильм материалдарының негативтарынан, дезанаморфльмді аралық позитивдердің контратиптерінен, кең экранды фильмкөшірмелерінен, әртүрлі жүйелі кинокөшіретін аппараттардың кенформатты материалдарынан басу;

фильм көшірмелерін және субтитрлармен контратиптерді, түрлі-түсті аз тиражды және біржолғы фильмкөшірмелерін, ағымдағы 70-миллиметрлі негативті басу;

бақылай және аттестациялы фильмдерді дайындау, сынама тәсірілдерді түсіру;

фонограммаларды қайта басу режимін таңдау және орнату;

дыбыс басатын аппараттардың жұмысын бақылау;

32 және 35-милиметрлі оптикалы фонограммаларды және 35-миллиметрлі магнитті алынатын студиялы материалдарды басу;

дыбыс бақылаулары көмегімен және құрылғылар бойынша көшірілген фильмкөшірмелерінің фонограммаларын магнитті түпнұсқамен сапасын салыстыру; көшіру кезінде дыбыс бұзылуларының себептерін табу және жою; жабдыққа профилактикалық жөндеу жұмыстарын жасауға қатысу.

245. Білуге тиіс:

жарық және түсті орнатудың негіздерін;

пленкалардың фотографиялық және геометриялық сипаттамаларын;

оптикалық және магниттік фонограммаларды жазудың физикалық және технологиялық тәсілдерін;

пленкаларды өндеудің және дайындаудың және магнитті ұзыншаларды құюдың технологиясын;

кинокөшіретін аппараттардың әртүрлі модельдерінің принциптік схемаларын;

дыбысбасатын аппараттардың құрылымын және тораптарының жұмыстарын;

электротехника негіздерін, көшіру кезінде дыбыстың бұзылуының пайда болу себептерін.

## **116-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 6-разряд**

246. Жұмыс сипаттамасы:

аралық позитивтер мен контратиптерді контактілі және оптикалық басып шығару, оның ішінде кең экранды және қарапайым нұсқаларды әртүрлі конструкциялы оптикалық баспа аппараттарында кең форматты фильмдерден көшіру;

негативтерден фильм көшірмелерін массалы көшіру;

акырғы және аттестациялы фильмдерді, алғашқы материалдарды субтитрларымен және ілеспелі паспорттарымен басу;

иммерсиямен кинокөшіретін аппараттарда жұмыс жасау;

негативті кинопленкаларды қосымша мөлшерлі жарықтандыру бойынша жұмыстарды жүргізу;

кинокөшіретін аппараттарды баптау және көшіру барысында олардың жұмысын реттеу.

247. Білуге тиіс:

кинопленкаларды оптикалы көшіру технологиясын;

өндеудің ілеспелілігінің тандау тәсілдерін;

басылымның режимін анықтау қағидаларын;

әртүрлі жүйелі кинокөшіретін аппараттарды дәлме-дәлдікке тексеру тәсілдерін және қағидаларын.

## **117-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 7-разряд**

248. Жұмыс сипаттамасы:

қара-ақ және түрлі-түсті алғашқы фильм материалдарын, негативтерден аралық позитивтерді және белсендіз жарықта немесе қараңғыда "RYB"-кодты түрлі-түсті паспорттарды пайдаланумен контратиптерді аддитивті басылымды кинокөшірім аппараттарында контактті және оптикалық басу;

кунтұтылуын және жарқырауын, алғашқы материалдарды субтитрлармен басу;

кинокөшіру аппараттарын баптау және басу және көшірме жасау процесінде олардың жұмысын реттеу.

249. Білуге тиіс:

әртүрлі жүйелі кинокөшіру аппараттарының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

жарықберудің негіздерін, әртүрлі кинопленкаларды өндедеу және басылым процестерін;

сыртқы түріне және таңбасына қарай пленканың түрін анықтау тәсілдерін;

кинокөшіретін аппараттарды дәлме-дәлдікке тексеру тәсілдерін және қағидаларын.

250. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **118-параграф. Фильм материалдарын көшіруші, 8-разряд**

251. Жұмыс сипаттамасы:

актиникалық емес жарықтандыру кезінде және қараңғыда "RYB" және "ZCC" - кодтары бар түс паспорттарын қолдана отырып, ретрофиттік блокпен және электрондық жарық клапандарымен жабдықталған аддитивті баспаның кинокөшіру аппараттарында контакттілі және оптикалық басып шығару;

"Dolby Herro" жүйесін пайдаланып дыбысты оптикалық басу аппараттарында фонограммалардың негативтерін оптикалық басу.

252. Білуге тиіс:

кинокөшіретін аппараттардың және дыбысты оптикалық басу аппараттарының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

жарықберудің негіздерін;

оптикалы және магнитті баспаларды жазу қағидаларын;

әртүрлі кинопленкаларды басып шығару ерекшеліктерін.

253. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **119-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 2-разряд**

254. Жұмыс сипаттамасы:

фильм көшірмелерін жөндеу, жапсырмаларды түзету, әртүрлі ластардан қолдан тазарту;

біліктілігі жоғары фильм материалдарын қалпына келтірушінің басшылығымен қалыпқа келтіру машинасында фильм көшірмесінің фотоқабатын қалпына келтіру;

қалпына келтіру машинасын белгіленген технологияға сәйкес кинопленкамен зарядтау;

ілеспе құжаттар мен жұмыс журналдарын ресімдеу.

255. Білуге тиіс:

кинопленкалардың түрлері мен қасиеттерін;

әртүрлі негіздер үшін қолданылатын желімнің құрамын;

қолданылып жатқан желімнің сапасына қойылатын талаптар және оны сақтау қағидаларын;

психромердің құрылымын және мақсатын;

фильм материалдарын қалпына келтіру кезінде қолданылатын ерітінділердің концентрациясын, қасиеттерін және мақсатын;

ілеспе құжатнаманы рәсімдеу қағидаларын.

## **120-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 3-разряд**

256. Жұмыс сипаттамасы:

белгіленген режимге сәйкес қара-ақ және түрлі-түсті фильмкөшірмелерін қайта қалпына келтіру және қайта қалпына келтіру машиналарына қорғаныс жабуын жағу;

қайта қалпына келтіру машинасына кинопленкаларды тиесу;

қайта қалпына келтіру машиналарында фильмкөшірмелерін өтуін бақылау;

қара-ақ фильмкөшірмелерін фотоқабатты қайта қалпына келтіруге дайындау және оны қайта қалпына келтіру;

бастапқы фильм материалдарын жөндеу, перфорациялық жолды қалпына келтіру, қолданылатын жабдықты профилактикалық тексеру.

257. Білуге тиіс:

қайта қалпына келтіру ісінің негіздерін;

кинопленкалардың түрлерін және олардың қасиеттерін;

фильм көшірмесін қайта қалпына келтіру технологиясын;

қайта қалпына келтіру машиналарының құрылымын және эксплуатациялау қағидаларын;

қайта қалпына келтіру кезінде қоладынатын ерітінділердің қасиеттерін және мақсатын;

кинопленкаларды орау және жапсыру қағидаларын;

фильм материалдарын кептіру және оларды пайдалану қағидаларын;

белгіленген нормативтік техникалық құжатнаманы.

## **121-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 4-разряд**

258. Жұмыс сипаттамасы:

түпнұсқа құқығында сақталып жатқан қара-ақ фильмкөшірмесінің фотоқабатын, түрлі-түсті фильмкөшірмесін, контратиптерді, аралық позитивтерді және фонограмма негативтерін бекітілген өндеу режиміне сәйкес қайта қалпына келтіретін машиналарда қайта қалпына келтіру;

фотоқабатты, негіздерді қайта қалпына келтіруге дайындау, қара-ақ контратиптердің негіздерін, аралық позитивтерді және фонограммаларды қайта қалпына келтіру;

түпнұсқа құқығында сақталып жатқан қара-ақ фильмкөшірмелерін үшін қайта қалпына келтіру режимін таңдау;

шет елдік фирмалардан түсетін фильмкөшірмелерінде болатын: балауызды, эфироцеллюлозды, казеинді және өзгелерді қорғаныс қабатын болуын анықтау;

бастапқы материалдарды орташа және күрделі жөндеу, ақаулы перфорацияларды жөндеу, өрескел кесілген жапсырмаларды қайта жасау, майды, пленканы, бляшкаларды қолмен тазалау;

фильмкөшірмелерін, контратиптерді, аралық позитивтерді ультрадыбыс машинасында тазарту.

#### 259. Білуге тиіс:

қара-ақ және түрлі-түсті пленкаларды өндеу, контратиптердің фотослосын, аралық позитивтерді, фонограммаларды қалпына келтіру және оларға қорғаныш жабындарын жағу технологиясын;

қара-ақ контратиптердің, аралық позитивтер мен фонограммалардың негіздерін қалпына келтіру технологиясын;

таңбалау машинасының құрылышын, оны пайдалану қағидаларын;

эксплуатация және қайта қалпына келтіру процесінде фильм материалдарында пайда болатын ақауларды;

гидротипті баспа жайлы жалпы мәліметтер;

түрлі-түсті бейнені (гидротиптік, көп қабатты, вириренген) қалыптастыру тәсілі бойынша фильм көшірмелерін анықтау әдістерін.

### 122-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 5-разряд

#### 260. Жұмыс сипаттамасы:

қара-ақ және түрлі-түсті бейне негативтерінің фотоқабатын қайта қалпына келтіру және оларға қорғаныс жабуын жағу;

қайта қалпына келтіру машиналарында консервациалы-қайта қалпына келтіру және антисептикалы өндеу;

қайта қалпына келтіруге қара-ақ және түрлі-түсті бейне негативтерін дайындау, қолмен жылтырату;

бейненің қара-ақ және түрлі-түсті негативтерін, түрлі-түсті контратиптерді және аралық позитивтерді қайта қалпына келтіруге дайындау және қайта қалпына келтіру;

фильм материалдарының үстіңгі бетінің жағдайын, технологиялы операциялардың және режимдердің ілеспелілігінің сакталуын, ерітінділерді концентрациялауды бақылау;

негіздің деформациялау деңгейін анықтау;

негативті материалдарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу;

ультрадыбысты машинада бейненің негативтерін тазарту, оларды антистатикалы өндеу;

негіздің және фотоқабаттың лак қабатының барын және оның түрін анықтау;

фотоқабатты және фильм материалдарының барлық түрін негіздерін қайта қалпына келтіру режимдерін және рецептурасын, тәсілдерін тандау.

### 261. Білуге тиіс:

фильм материалдарының негіздерін және бейне негативтерінің фотоқабатын қалпына келтіру технологиясын;

консервациялы-қайта қалпына келтіру және негативтерді антисептикалы өндеу, кептірудің температурасын және ылғалдылық жүйені реттеу автоматты жүйесінің жұмыс істеу принципін;

пленкалардың әртүрін өндеуге қолданылатын ерітінділердің рецептурасын;

негіздердің араласқан түрлерінен тұратын негативтерді кептіру ерекшеліктерін;

негативтердің фотослойын қолмен жылтырату қағидаларын;

қолданылып жатқан фотоматериалдарға стандарттар және техникалық шарттарын;

ультрадыбысты машиналардың негізгі тораптарының мақсатын.

## 123-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 6-разряд

### 262. Жұмыс сипаттамасы:

отандық және шетелдік өндірістің бірегей киноматериалдарын, көркемдік және тарихи құндылығы бар бастапқы фильм материалдарын реставрациялау бойынша жұмыстардың барлық түрлерін орындау;

фильм материалдарын қайта қалпына келтірудің тәсілдерін, рецептурасын және өндеу режимдерін тандау;

эмulsionияның көкпен, гидролизben ақаулану дәрежесін және қабаттану дәрежесін анықтау.

### 263. Білуге тиіс:

ерекше киноматериалдарды қайта қалпына келтіру технологиясын;

қайта қалпына келтіру машиналарының типтерін және жұмыс істеу принципін;

пленкалардың әртүрін өндеуге арналған ерітінділердің рецептурасын және қасиеттерін;

сақтау, өндөу және кинопленкаларды эксплуатациялау процесінде пайда болған ақаулардың түрлерін, пайда болу себептерін және алдын-алу тәсілдерін.

264. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **124-параграф. Фильм материалдарын қалпына келтіруші, 7-разряд**

265. Жұмыс сипаттамасы:

өте нәзік, сапасы төмен механикалы, механикалы ақаулары бар, жамаулары бар, 1 пайыздан астам перфорация адымы бойынша шөгулі бастапқы фильм материалдарын барлық түрлеріне қалпына келтіру жұмыстарын орындау;

көк басқан негативтерді фундисидті өндөу;

ұзақ сақтауға жататын фильм материалдарын консервациялық-реставрациялық өндөу;

фильм материалдарының барлық түрлерін қалпына келтіру әдістерін, рецептураларын және режимдерін тандау.

266. Білуге тиіс:

ақаулардың түрлерін, олардың пайда болу себептерін және жою әдістерін;

бастапқы фильм материалдарын қалпына келтіру технологиясын;

консервациялық-реставрациялық өндөу технологиясын;

фильм материалдарының барлық түрлерін өндөуге арналған ерітінділердің рецептурасын.

267. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## **125-параграф. Фотошыныны қабаттаушы-аппаратшы, 3-разряд**

268. Жұмыс сипаттамасы:

регламентке және жұмыс нұсқаулығына сәйкес әртүрлі өлшемді және конфигурациялы фотошыныларды бір-бірлеп транспортерға және мерзімді қозғалысты рольгангқа салу;

транспортердің жұмысын қадағалау;

негізгі және қосалқы жабдықтарды тазарту және жуу;

әртүрлі фотопластиналарға арналған жарықтехникалы режимді бақылау.

269. Білуге тиіс:

фотошыныға және фотопластиналарға қойылатын техникалық талаптарын;

құятын машинаның тораптарының өзара қарым-қатынас принципін;

әртүрлі фотопластиналардың сорттарының жарықтехникалық режимін.

## **126-параграф. Фотошыныны қабаттаушы-аппаратшы, 4-разряд**

270. Жұмыс сипаттамасы:

мерзімді жұмыс істейтін қабаттайтын машиналарда фотошыныны бірқабатты және көпқабатты қабаттау және автоматтандырылған желіде химиялы өндеу технологиялық процесін жүргізу;

фотошыныны химиялы өндеу үшін қажетті концентрациялы жұмыс ерітінділерін дайындау;

супышақтарын (водяных) және шыныны өндейтін пышақтарды жұмысын реттеу және орнату;

өндіріс желісіне шыныны алып беретін автоматтың жұмысын басқару;

транспортердің қозғалыс жылдамдығына байланысты қабаттандырылған шыныны температуралы және ауалы кептіру процесін реттеу;

қабаттарды жағу үшін ванналарды орнату;

арнайы ерітінділермен қабаттардың сапасын сынауды өткізу;

будың, судың және жұмыс ерітінділерінің санының қысымына байланысты фотошыныны қабаттау процесін реттеу;

фотошының ластанғандығына және сапасына байланысты қышқылданырылған ерітіндінің концентрациясын реттеу;

қабаттандыратын машиналардың және қосалқы жабдықтардың жұмысын бақылау, іске қосу және тоқтату;

мерзімді жұмыс жасайтын қабаттандыратын машиналарда қабаттау процесін жүргізу кезінде біліктілігі төмен фотошыныны құюшы-аппаратшыларға басшылық жасау.

271. Білуге тиіс:

фотошыныны бірқабатты және көпқабатты қабаттау технологиялық процесін;

фотошыныны қабаттау процесінің техникалық шарттарын;

қолданылатын шикізаттың қасиеттерін;

технологиялық процесті бақылау әдістерін;

негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## **127-параграф. Фотошыныны қабаттаушы-аппаратшы, 5-разряд**

272. Жұмыс сипаттамасы:

фотошыныны арнайы химиялы өндеу және қабаттарды жағу және жиектенуге қарсы қабаттарды фотошыныға жағылып жатқан қабаттардың адгезия және тазалық талаптарын жасау үшін электронды басқарумен автоматты желіде технологиялық процесті жүргізу;

ультрадыбыстық генераторлардың көмегімен фотошыныны өндеу процесінің режимін реттеу;

фотошыныны су және химиялы ерітіндімен жууды бақылау;

ультрадыбысты виграторлардың, химиялы өндеу үшін форсундардың, механикалы тазартудың тораптарының жұмысын бақылау;

арнайы тағайындаулы фотошыныны көпқабатты қабаттау процесін жүргізу;

жұмыс ертінділерінің барлығына байланысты қабаттау процесін реттеу;

қабаттайтын машиналардың жұмысын бақылау және қабаттаудың сапасын бақылау; технологиялық журналды толтыру;

біліктілігі төмен фотошыныны құюшы-аппаратшылардың жұмыстарын басқару.

273. Білуге тиіс:

фотошыныны арнайы химиялы тазалау мен қабаттаудың технологиялық процесін; фотошынының физика-химиялық қасиеттерін;

қолданылатын шикізаттың техникалық шарттарын, қасиеттерін;

берілген концентрациялы ертінділерді дайындау тәсілдерін;

техникалы процесті бақылау әдістемесін;

негізгі және қосалқы жабдықтардың құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## **128-параграф. Фотоэмulsionны дайындауда және құюда мөлшерлеуші-аппаратшы, 3-разряд**

274. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі анафурлым жоғары фотоэмulsionларды дайындауға және суаруға мөлшерлеуші аппаратшының басшылығымен фотоэмulsionларды суару кезінде қоспалар үшін бояғыштар мен компоненттер ертінділерін дайындау және мөлшерлеу процесін жүргізу;

арнайы жабдықталған камераларда фотоэмulsionларды сақтау;

химикаттарды алу, орамын ашу, оларды өлшеу және мөлшерлеу;

бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен температуралы режимді және ерткіштерні дайындау процесінің ұзақтығын бақылау;

дайын ерткіштерлерді фильтрлау және термостаттау, фотоэмulsionны қабылдау және оларды сортына, партиясына, нөмірлеріне байланысты қабылдау, сынамаларды іріктеу;

сақтау кезінде фотоэмulsionның жағдайын, түсіп жатқан эмульсиялардың партиясының паспортын тексеру;

технологиялық процесті жүргізу, фотоэмulsionларды нөмірі және партиясы бойынша барлығын және қозғалысын есептеу;

берілген рецептураға сәйкес фотоэмulsionны мөлшерлеуге қатысу.

275. Білуге тиіс:

фотоэмulsionларды дайындаудың технологиялық схемасын, ертінділерді дайындау рецептурасы мен процесін;

қолданылатын химиялық реагенттердің физика-химиялық қасиеттері мен мақсатын;

фотоэмульсиялардың қасиеттерін; қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының құрылымын және жұмыс істеу принципін.

## **129-параграф. Фотоэмульсияны дайындауда және құюда мөлшерлеуші-аппаратшы, 4-разряд**

276. Жұмыс сипаттамасы: еріткіштерлерді, компоненттерді және суда еритін қоспаларды фотоэмульсияны синтездеу үшін әзірлеу, мөлшерлеу технологиялық процесін жүргізу; фотоэмульсияны сақтау, сәулегесезгіш фотоэмульсияларды құю кезінде қоспаларды қосу; химиялы реагенттердің техникалы талаптарға сәйкес екендігін тексеру; асылмаларды және жасалып жатқан еріткіштерлер мен қоспаларды есептеу; талдау үшін сынамаларды іріктеу; дайын фотоэмульсияларды қабылдау, оларды сорты, партиясы және нөмірі бойынша қабылдау; сақтаудың бекітілген термогигрометрикалы режимін сақтау және қолдау; фотоэмульсияларды есептеу, мөлшерлеу және шығару; сақтау камералары үшін ауа баптағыштарды дайындау және қосу; фотоэмульсияны әр атавы үшін жарық техникалық режимді сақтау.

277. Білуге тиіс:

барлық атаулы фотоэмульсия еріткіштерлерін дайындау технологиялық схемасын; фотоэмульсиялардың, қолданылып жатқан химикалардың физика-химиялық қасиеттерін; фотоэмульсиялардың фотографиялық сипаттамаларын, оларды сақтау қағидаларын; жарық-техникалық режимін, қызмет көрсетілетін жабдықтың және қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс істеу принципін.

## **130-параграф. Фотоэмульсияны дайындауда және құюда мөлшерлеуші-аппаратшы, 5-разряд**

278. Жұмыс сипаттамасы:

метанолды, этанолды және ацетанолды бояулар еріткіштерндісін дайындау және түрлі-түсті компоненттерді құюға дайындау барысында фотоэмульсияға кіргізу үшін технологиялық процесті жүргізу; қоспалар асылмасын және бояуларды есептеу; бояуларды және түрлі-түсті компоненттерді аналитикалы таразыда өлшеу, оларды паста түрінде немесе спиртті еріткіштер ретінде дайындау;

температуралы режимді және еріткіштерлерді және қоспаларды әзірлеу ұзақтығын реттеу;

дайын еріткіштерлерді фильтрлеу;

талдау үшін сынамаларды ірікеу;

берілген мөлшерге дейін еріткіштер концентрациясын жеткізу;

дайын еріткіштерлерді, сублимирлеуші қоспаларды фотоэмulsionияны құюға дайындау операциясына жіберу;

қолданылып жатқан химиялық реагенттердің стандартқа сәйкес екенін тексеру;

жолдама заң белгілерді және өндіріс журналын толтыру;

қолданылып жатқан шикізаттың және химикалдардың шығының есептеу;

біліктілігі төмен фотоэмulsionияларды құю және әзірлеу аппаратшы-мөлшерлеушілерді басқару.

279. Білуге тиіс:

сенсибилизирлайтын қоспаларды енгізу кезінде фотоэмulsionияда жүретін химиялық процесін;

фотоэмulsionияларға қойылатын физикалық-химиялық қасиеттерін, техникалық талаптар және олардың мақсатын;

қоспа және еріткіштерлерді дайындау рецептурасын және процесін;

ұлы заттармен жұмыс істеу қағидаларын;

қызмет көрсетілетін жабдықтың және қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылышын, жұмыс істеу принципін;

қолданылып жатқан шикізаттарға және улыхимикалдардан талап етілетін техникалық шарттар мен стандарттарды.

## 131-параграф. Фотоэмulsionияны құюшы-аппаратшы, 2-разряд

280. Жұмыс сипаттамасы:

кинофотопленкалар мен фотопластинкаларды суару процесінде: эмульсиялық-суару агрегаттарының кептіргіштерінде фотоматериалдардың барлық түржиының фотоэмulsionияларды кептіру, тар суару машиналарында фотоқағаздарды және кинофотопленкаларды өз бетінше орау және біліктілігі анағұрлым жоғары фотоэмulsionияларды кең суару машиналарында аппаратшы-суарушының басшылығымен кинофотопленка мен фотоқағазды орау жекелеген жұмыстарды орындау;

фестоно-өндеу механизмінің жұмысын бақылау, тартып алынған жүк көліктерін ілу және алу;

қолмен арбаларды жеткізу, фото-негіздерді орау, тасымалдау, ауаны сұзу үшін сұзгілерді жасау;

пленканың созылуын, транспортердің жұмысын, үздіксіз қозгалатын кинофотоматериалдар фестондарының жағдайын бақылау;

фестон таяқшаларын, тартатын жүк көліктерін жеткізу, жарамдылығын және тазалығын тексеру, таяқтарды фестон түзгіштерге салу, таяқтарды беру жартылай автоматының жұмысын бақылау, суару агрегатына қызмет көрсету, орау жылдамдығын реттеу, пленканың тартылуын және орау сапасын бақылау;

қайта тиеу арбасынсыз қайта толтыруға қатысу;

оралған осытерді алдын ала ораумен қоймаға тасымалдау, суару машинасын тазалау, жуу.

281. Білуге тиіс:

киноматериалдарды орау және тасымалдау қағидаларын;

кинофотопленкалардың негізіне қойылатын техникалық шарттарын, физикалық-химиялық қасиеттерін;

электркөтергіштерді эксплуатациялау қағидаларын;

таяқтарды түсіруге арналған орауыш агрегат пен механизмнің жұмыс істеу принципін.

## 132-параграф. Фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшы, 3-разряд

282. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшының басшылығымен кинофотопленканы және фотопластинкаларды құю технологиялық процесін жүргізу;

эмulsionя-суару агрегаттарын кептіргіштерде фотоматериалдардың барлық түржиныны фотоэмulsionяларының қабаттарын кептіру, фотоэмulsionяларды суарғаннан және өнімділігі жоғары кең суару машиналарында кептіргеннен кейін кинофотопленкаларды орау процесін жүргізу;

кептіру аймақтарында термогигрометриялық режимді, фестондарды орау, тегістей және желімдеу жылдамдығын, кейіннен өндеуге жүк электр көтергіштеріне фотопластинкаларды беруді, суару нөмірлері, сұрыптары мен форматтары бойынша өнімді есепке алушы қамтамасыз ету;

кинофотопленканы қайта тиеу арбасынсыз катушкаларға салу;

орау, жылдамдығын және суару машиналары жұмысының синхрондылығын реттеу;

эмulsionя негізінің тартылуын, суару және орау сапасын, таяқтарды түсіруге арналған механизмнің жұмысын бақылау.

283. Білуге тиіс:

фотоматериалдарды суару, кептіру, орау технологиялық процесінің мәнін мен режимін;

кинофотоматериалдардың әртүрлі сорттарына арналған жарықтехникалық режимін;

көлік механизмдерінің, қолданылатын бақылау-өлшеу және тіркеу аспаптарының жұмыс істеу принципін және пайдалану қағидаларын.

## **133-параграф. Фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшы, 4-разряд**

284. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшының басшылығымен кинофотопленкаларды, техникалық пленкаларды, фотоқағаздарды, фотопластинкаларды технологиялық процесті жүргізу немесе екінші құйылым қалпақшасында фотоэмulsionяны құю процесін өзекімен жүргізу;

шағын суару машиналарында позитивтік фотоматериалдар мен ядролық зерттеулерге арналған материалдарды кептіру процесін жүргізу;

кептіру тоннеліне, эмульсия - суару агрегатының кептіру камераларына қызмет көрсету;

құятын тораптарды және құйылымды ламинирлеу тораптарын дайындау;

суару машиналарына фото негіз, ламинатор - қорғау материалын салу;

суару жылдамдығына байланысты фотоэмulsionя мен фотосезімтал композицияның қажетті мөлшерін есептеу;

эмulsionялық қабаттың және жарықсезгіш композицияның физика-химиялық параметрлерін бақылау;

кинофотонегіздің тасымалдайтын құрылғыларының жұмыстарын мерзімді тексеру;

эмulsionя-суару машинасының әртүрлі аймақтарындағы термогигрометриялық режимді, катен ерітіндісінің концентрациясын, берілетін ауаның мөлшерін, ауа баптау камераларының жұмыс режимін бақылау және реттеу;

зертханалы талдауға алынатын сынамаларды іріктеу;

біліктілігі төмен фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшыларды басқару;

суару машинасын профилактикалық тексеру.

285. Білуге тиіс:

фото-негіздерді суару мен кептірудің технологиялық процесін, кинофотопленка, фотоқағаз және техникалық пленка өндірісінің схемасын;

фотоқағаздарды және техпленкаларды, кинофотопленкалардың физика-химиялық қасиеттерін;

суару машинасы тораптарының құрылышын және жұмыс істеу принципін.

## **134-параграф. Фотоэмulsionяны қуюшы-аппаратшы, 5-разряд**

286. Жұмыс сипаттамасы:

кинофотопленкалардың барлық ассортиментінің құю технологиялық процесін, енді құю машиналарының қалпақшасының екінші жартысындағы техпленкаларды немесе

фотоқағаздарды, фотопластинкаларды және техпластинкаларды экструдердің негізгі қалпақшасында құю барысында технологиялық процесті жүргізу;

эмульсияның, жарықта сезіттал композицияның және қосымша ерітінділердің шығынын есептеу;

желімдеу орнын айдау, эмульсия бетінен ауа көпіршіктерін алып тастау;

жарықсезгіш композициялардың құятын қабаттарының біркелкілігін және қалыңдығын, бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен құюдың белгіленген жылдамдығын температуралы режимін реттеу;

құюдың және ламинаттаудың сапасын бақылау;

эмульсиялы қабаттың, кептірудің сапасын, пленканың ылғалдану дәрежесін, фотоқағаздың төзімділігін анықтау;

дефектоскоптың, корректорлардың, вакуум-рольгангтың жұмысын, пленканың және "ауа жастықтарындағы" фотоқағаздың орналасуын н бақылау;

ауаны фильтрау камераларының, қыстырмалы-созылатын каналдардың, ауажібергіштердің жағдайын және жұмыстарын бақылау;

фотоэмульсияның құйылу жылдамдығына байланысты транспортердің қозғалысының жылдамдығын түзету;

біліктілігі төмен фотоэмульсияны қуюшы-аппаратшылардың жұмыстарын басқару.

#### 287. Білуге тиіс:

фотоэмульсияны кептіру және құю технологиялық схемасын;

кинофотопленкалардың, техпленкалардың, фотоэмульсиялардың қорғаныс және жиектенуге қарсы қабаттардың физика-химиялық және фотографиялық қасиеттерін;

қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының, автоматиканың, кептіретін туннельдердің, фильтрлі және салқыннатқыш құрылғылардың құрылымын және жұмыс істеу принципін.

### 135-параграф. Фотоэмульсияны қуюшы-аппаратшы, 6-разряд

#### 288. Жұмыс сипаттамасы:

қарқынды жұмыс істейтін суару машиналарында кинофотопленкалардың, техникалық пленкалардың, түсті және техникалық фотоқағаздар мен фотопластинкалардың барлық ассортиментін көп қабатты суарудың технологиялық процесін жүргізу;

жеткізу және құйылған негіздерді және бариттітөс етегті қоймаға жеткізу автоматты желісін басқару;

фотоэмульсияның барлық ассортиментінің құю жылдамдығын, жарықсезгіш композицияның қажетті санын есепке алу және түзету;

суару машиналарының тораптарын суаруға дайындау, машинаны фото-негізмен толтыру, желімдеу орнын айдау;

қүйылымның және ламинаттаудың сапасын бақылау;  
құятын машинаның бөлек тораптарының жылдамдығын ілестіру;  
эмульсиялы қабаттарды кептірудің термогигрометрикалы режимін, жарықсезгіш композициялардың және ламинаттау процесін бақылау;  
қызмет көрсетіліп жатқан аппаратураға және коммуникацияға қарапайым жөндеу жұмыстарын орындау;

біліктілігі төмен фотоэмульсияны қуюшы-аппаратшылардың жұмыстарын басқару.

289. Білуге тиіс:

фотоэмульсияны қую технологиялық процесін;

кинофотоматериалдардың фотохимиялық және фотографиялық қасиеттерін;

құятын машиналардың тораптарының, қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құралдарының және автоматика құралдарының жұмыс істеу принципін.

290. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## 136-параграф. Химия-фотографиялы өндірістегі қуюшы, 2-разряд

291. Жұмыс сипаттамасы:

кинотүсіретін жарықфильтрларды дайындау бойынша: жуу, сұрту және өлшемі, қалыңдығы және жуан ақаулары бойынша жарықфильтрларды қую үшін шыныларды жарамсыз деп тану дайындау операцияларын орындау;

жапсырылған және кептірілген: органикалы еріткіштердің көмегімен жарықфильтрларды бальзамның ағуынан тазарту, тазартылған жарықфильтрларды жуу, жиектеу станоктарында периметрі бойынша жиектейтін қағаздарды жолақтарға жиектеу және сұрту жарықфильтрларды өндізу;

жиектелген жарықфильтрларды жуу және сұрту;

дайын өнімді орау және таңбалау;

қағазбен рамкаларды оған аэробрафиялы тәсілдермен бояудың ерітінділерін жағу үшін бейтарап-сұр шкалаларды дайындау.

292. Білуге тиіс:

түсірілім жарықфильтрлардың шыны әзірлемелерін жуу және тазарту бойынша жұмыстарды орындау, дайын өнімді өндізу, орау және таңбалау қағидаларын;

электрожылытқыш құралдармен жұмыс жасау қағидаларын;

бейтарап-сұр шкалаларды өндіруде қағазды дайындау тәсілдерін;

органикалы еріткіштердің қасиеттерін.

## 137-параграф. Химия-фотографиялы өндірістегі қуюшы, 3-разряд

293. Жұмыс сипаттамасы:

толассыз жұмыс жасайтын біркюветті құятын машиналарда фотоматериалдардың әртүрлеріне лак ерітінділерін қую технологиялық процесін жүргізу;

киноФотопленкаларды өндіруде қолданылатын жарықфильтрлардың ассортиментін дайындау;

біркюветті құятын машинаға лакты тиеді реттеу, оған фотоматериалды салу және құю процесін бақылау;

қызмет көрсетіп жатқан құятын машинаға жіберу және оған бір-бірлеп қабатталған фотошыныны салу;

ерітіндіні құятын мөлшерлейтін құрылғыға тиесу және оны фотошыныға жағу процесін бақылау;

жарықфильтрларды алдын-ала кептіру, дайын өнімді машинадан түсіру.

#### 294. Білуге тиіс:

қызмет көрсетіліп жатқан құятын машиналарың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

фотоматериалдардың физика-химиялық қасиеттерін;

жарықфильтрларды қую және кептіру технологиялық процесін;

жарықфильтрлардың стандарттарын және техникалық шарттарын.

### 138-параграф. Химия-фотографиялы өндірістегі қуюшы, 4-разряд

#### 295. Жұмыс сипаттамасы:

толассыз жұмыс жасайтын көпкюветті құятын машиналада фотоматериалдардың әртүрлеріне лак ерітінділерін қую технологиялық процесін жүргізу;

16 және 35-миллиметрлі фильмкөшірмелеріне ферромагнитті жолдарға және көпкюветті құятын машиналарға өнделмеген пленкаларды қую;

біртекті түсіретін жарықфильтрларды ашық тәсілмен қую;

түзететін, коррекциялы және зертханалық жарықфильтрларды қую;

фотоматериалдарды қую және кептірудің онтайлы режимдерін таңдау;

қуюдың жылдамдығына байланысты кюветтерге лакты ерітінділердің түсін реттеу;

қую процесінде магнитті жолдардың құйылу қалындықтарын және берілген параметрлерді бақылау;

фотошыныға және фотоқағазға бояулардың ерітінділерін бояушашқыштардың көмегімен жағу және оларды кептіру;

эталонды үлгілер бойынша бейтарап-сұр шкалаларды дайындау;

орайтын жарықфильтрларды жапсыру;

түрлі-түсті денситометрде, спектродензографта, спектрофотометрде жарықфильтрларды тексеру;

жарықфильтрларды белсененділікке бақылау.

#### 296. Білуге тиіс:

құятын машиналардың және қолданылып жатқан бақылау-өлшеу құрылғыларының құрылымын және жұмыс істеу принципін;

фильмкөшірмесін дайындау технологиялық процесін;

жарықфильтрларды құюға арналған қорлы сулы және жеатинді бояулардың ерітінділерін дайындаудың технологиясын және рецептурасын;

бейтарап сұр-шкалаларды дайындауда жұмыс технологиясын және қағидаларын, жарықтехника негіздерін;

өнделіп жатқан өнімнің стандарттарын және техникалық шарттарын.

## **139-параграф. Химия-фотографиялық өндірістегі құюшы, 5-разряд**

297. Жұмыс сипаттамасы:

магнитті жолдарды фильмкөшірмелерінде құю және арнайы машиналарда, кинотүсіретін және көлеңкеленген жарықфильтрларында өнделмеген пленканы құю технологиялық процесін жүргізу;

бақылау-өлшеу құрылғыларының және эталонның көмегімен құюдың берілген қалындығын орнату және реттеу;

талап етілетін режимдерді таңдау және орнату;

берілген спектрофотометриялық сипаттама бойынша көлеңкеленген түсіру жарық сүзгілерін суару үшін бояғыштардың су және желатинді ерітінділерінің рецептурасын жасау және дайындау;

курделі жарықфильтрларды: бейтарап-сұр және түрлі-түсті мәжбүрлеп қую тәсілімен, желатинді боялған пленкаларды (фолия) дайындау;

желатинді илеу тәсілімен жұмсартатын диффузиялы фильтрларды дайындау.

298. Білуге тиіс:

пленканы, көлеңкелі және курделі жарықфильтрларды өндеу және дайындау технологиясын;

қолданылатын ерітінділер және олардың пленкаға әсер етуін;

хромирленген желатинмен жұмыс істеу технологиясын, электротехника негіздерін;

қолданылатын материалдар мен дайын өнімге арналған стандарттар мен техникалық шарттарын.

## **140-параграф. Химия-фотографиялық өндірістегі құюшы, 6-разряд**

299. Жұмыс сипаттамасы:

кинотүсірілім және өзгелер жарықфильтрларды құю технологиялық процесін жүргізу;

кинооператормен өнделген эскиздер бойынша курделі түсірілім жарықфильтрлеріне есептеу және дайындау;

анилинді бояуларға спектрофотометрикалы және физикалы сынақ жүргізу және сынақ журналын жүргізу;

жарықфільтрлардың рецептурасын басқа партиялардың бояуларының өзгеруімен және өзге спектрофотометрикалы сипаттамаға байланысты түзету;

спектродензографтың шағылысқан жарығында, өмбебап фотометрде және фотоэлектрикалы спектрофотометре өлшемдерді жүргізу;

жарықфотометрлерге, жаңа рециптураларды бөлшектеу және жарықфільтрлардың түрлеріне сынама құюларды жүргізу;

диффузиялық жарық сұзгілерін аэрографиялық тәсілмен, түсті бақылау шкалаларын, кинофотоматериалдардың сапасын анықтау бағдарламаларын және кинотүсірілім аппаратурасының, оптиканың және ғылыми-зерттеу зертханаларының жұмысын анықтауға арналған күрделі бағдарламаларды жасау;

кинотүсірілім оптикасы мен ғылыми-зерттеу зертханаларының өзге де аппаратурасының жұмыс сапасын тексеру кезінде шағылысқан және өтетін жарықта жұмыс жүргізу үшін сынақ радиалды және анаморфотты мирларын дайындау;

интерферционды жарықфільтрларын іріктеу және жапсыру.

300. Білуге тиіс:

түсті кинофотоматериалдарды түсіру және өндіру, кинофототүсірілім және өзге де жарық сұзгілерінің әртүрлі түрлерін жасау технологиясын;

кинофотоматериалтану, оптика, фотохимия және түстану негіздерін;

зертханалы жұмыстардың техникасын, кинотүсіру техникасының негіздерін.

301. Техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) білім талап етіледі.

## 141-параграф. Электролизершы, 3-разряд

302. Жұмыс сипаттамасы:

біліктілігі жоғары электролизершының басшылығымен өндөлген фиксаждың күміс құрамдас ерітіндісінен күмісті регенерациялау, жуылатын сулардан электролиз тәсілімен, келесі орталықфигураумен электролитті өң беру бойынша бөлек операцияларды жүргізу;

ванналарға электролиз және электролитті өң берушіні қую;

кумістің бар екенін анықтау үшін үлгілерді алу;

электролиз ванналарынан пайдаланылған фиксаждың құрамдас бактарына қую және құрамында күмісі бар суспензияны центрифуганың қысымды багына айдау;

металлды және күкіртті күмісті үгіту, орау.

303. Білуге тиіс:

электролиз және электролитті өң берудің технологиялық процесін;

коммуникация схемасын;

сынамаларды алу қағидаларын;

қызмет көрсетіліп жатқан жабдықтардың құрылымын.

## **142-параграф. Электролизершы, 4-разряд**

304. Жұмыс сипаттамасы:

өндөлген фиксаждың құрамында күмісі бар ерітінділерінен, жуу суларынан күмісті электролиз, электролиттік күкірттеу әдістерімен, кейіннен центрифугалау және өзге де әдістермен регенерациялаудың технологиялық процесін жүргізу;

электролиз режимін орнату, электролиздің барысын және құрамында күмісі бар фиксаждың түсін, фиксаж бен құрамында күмісі бар судың күкірттенуін бақылау;

құрамында күмісі бар суспензиядан күкіртті күмісті алу, күкіртті күмісті кептіру;

ванналар катодтарынан металл күмісті алу, өлшеу және металл және күкірт күмісін қоймаға жіберу.

305. Білуге тиіс:

күмісті регенерациялау технологиялық процесін;

электролизды және өң беретін ванналардың жұмыс істеу режимдерін;

күміскұрамдас қалдықтарды және күмісті есепке алу және сақтау қағидаларын.

## **143-параграф. Электролизершы, 5-разряд**

306. Жұмыс сипаттамасы:

күмістің концентрациясын бақылаудың және электрмен қоректендіру параметрлерін реттеудің дистанциялық автоматты құрылғылары бар автоматтандырылған қондырғыларда әртүрлі химиялық құрамның құрамында күмісі бар өндөлген фиксациялайтын ерітінділерден күмісті регенерациялаудың технологиялық процесін жүргізу;

экспресс-талдау тәсілдерімен ерітінділерде күмістің барын анықтау;

электролиз процесінде күміскұрамдас ерітінділерді жіберу жүйесін және автоматтандырылған мөлшерлрейтін құрылғылардың жұмысын бақылау;

күміскұрамдас тұнбаларды өлшеу және орау;

кептіру құрылғыларының жұмысын бақылау;

қайтадан талдау үшін бекітетін ерітінділерді регенерациялау;

күмістің алғашқы есебін жүргізу.

307. Білуге тиіс:

электролитті және электрохимиялы тұнба тәсілдерімен регенерациялау технологиялық процесін;

регенерация кезінде қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдарының құрылышын;

ерітінділерде күмістің барын бақылау тәсілдерін;

күміскұрамдас қалдықтарды сақтау қағидаларын;

электротехника және электрохимия негіздерін;

күмісті алғашқы есептеу бойынша нұсқаулық құжатнамасын.

## **144-параграф. Эмульсияланбаған пленкаларды кесуші, 2-разряд**

308. Жұмыс сипаттамасы:

эмульсияланбаған пленкалардың негізіне арналған осытерді кесу машинасына жеткізу және машинаның тарқату торабына орнату;

машинаға негіз құюға қатысу, орайтын құрылғыға катушкалар мен бобиналарды орнату, дайын бұйымдарды алу және оларды орауға тасымалдау;

буып-түю материалдарын дайындау, негізді буып-түю, оны тығыз фиксациясы бар жәшіктеге салу, жәшікті жабу және оны таңбалау;

кесетін машиналарды профилактикалы баптауға қатысу.

309. Білуге тиіс:

негіздердің физика-химиялық қасиеттерін;

кесетін машинаның тораптарының әрекеттесуін;

кесілудің және ораудың сапасына қойылатын талаптарын.

## **145-параграф. Эмульсияланбаған пленкаларды кесуші, 3-разряд**

310. Жұмыс сипаттамасы:

әртүрлі конструкциялы кесетін машиналарда эмульсияланбаған пленкалардың негіздерінің рулондарын кесу, негізді біліктерді кесуге және орауға дайындау, негізді кесу бөлмесінде термогигрометрлі режимді реттеу, кесу форматын пышақтардың орнын ауыстыру тәсілімен орнату;

орайтын тораптарға біліктерді орнату және кесетін машиналарға негізді тиесу, орайтын тораптарды зарядтау, машинаны қосу, кесетін машинаға негізді қою және созу жылдамдығын реттеу;

кесетін машинаның жұмысын бақылау және негізді оны орау және кесу процесінде визитаждау, дайын өнімді орайтын тораптан келесі операцияға жіберу үшін және орау үшін шешіп алу;

біліктілігі төмен эмульсияланбаған пленкаларды кесушілерге басшылық жасау.

311. Білуге тиіс:

негіздердің физика-механикалық қасиеттерін;

барлық сорттардың негізі үшін стандарттар мен техникалық шарттарын;

кесу машиналарын реттеу қагидаларын, негізді кесу және қайта орау тәсілдерін.

## **3-тaraу. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші**

312. Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші (32-шығарылым) БТБА-ға қосымшада көрсетілген.

Жұмыстар мен жұмысшы  
кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-  
біліктілік анықтамалығының  
(32-шығарылым) қосымшасы

## Жұмысшы кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

P/c №	Кәсіптің атауы	Разрядтар диапазоны	Беті
1.	Айқындайтын пастаны әзірлеуші аппаратшы	3-4	3
2.	Айқындайтын процессорда қызмет көрсету бойынша оператор	7-8	4
3.	Ақуыз қабықшасын илеу және кептіру аппаратшысы	4-5	6
4.	Ақуызды қабықшаларды өлшеуші	3	7
5.	Баритмассаны әзірлеуші аппаратшы	3-4	7
6.	Бастапқы материалдарды дайындаушы	1-5	8
7.	Бутафоль пленкаларын құйып алушы-аппаратшы	3; 5	11
8.	Бутафоль пленкасын кептіруші	3-4	12
9.	Вагонетші	2-3	13
10.	Гидротипті өндіріс машинисі	3-6	14
11.	Жарыкsezгіш бұйымдарды бақылаушы	2-5	16
12.	Желатиндеу аппаратшысы	2-5	18
13.	Калибрлеу аппаратшысы	2-4	21
14.	Кесіндіні қышқылмен өндедеу аппаратшысы	4-5	22
15.	Кинопленкаларды айқындаушы	2-6	24
16.	Кинофотоматериалдарды дайындаушы	2-6	26
17.	Кинофотонегізді және техпленкаларды қуюшы-аппаратшы	2-6	30
18.	Коллагенді массаны құраушы	4-5	34
19.	Контролер-визитажшы	3-4	35
20.	Құлғе айналдыру аппаратшысы	3-6	36
21.	Қалыптайтын машинаның машинисі	5	39
22.	Құйылған шыныны және фотопластинканы түсіруші	3-4	39
23.	Құятын машинаға шыныны тесеуші	2	40
24.	Магнетитті кептіру және тотықтуру аппаратшысы	2-6	41
25.	Магнитофондар үшін аудио және видео кассеталарды жинаушы	3-5	44
26.	Магнитты ленталарды құйып алушы-аппаратшы	2-6	46
27.	Магнитты ленталарды қуюшы-аппаратшы	4-6	49
28.	Магнитті ленталарды кесуші	2; 4	50
29.	Магнитті ленталарды перфораторлаушы	2-3	51
30.	Майтазарту аппаратшысы	3-4	52
31.	"Момент" фотожинағының монтажшысы	3-4	53
32.	Пленканы, ерітінділерді және фильм материалдарын бақылаушы	2-6	54
33.	Синтетикалы бояуларды өндіруші аппаратшы	2-6	57
34.	Тоқыма автоматтарының автоматшысы	3-4	59
35.	Түзететін жарықфильтрларды мөрлеуші	2	60

36.	Тұсті және жарықты қоюшы	3-8	61
37.	Ферментті препарatty дайындау аппаратшысы	3-4	64
38.	Фильм көшірмелерін жинақтаушы	2-4	65
39.	Фильм материалдарын көшіруші	3-8	67
40.	Фильм материалдарын қалпына келтіруші	2-7	70
41.	Фотошыныны қабаттаушы-аппаратшы	3-5	74
42.	Фотоэмульсияны дайындауда және құюда мөлшерлеуші-аппаратшы	3-5	76
43.	Фотоэмульсияны құюшы-аппаратшы	2-6	78
44.	Химия-фотографиялы өндірістегі құюшы	2-6	82
45.	Электролизершы	3-5	86
46.	Эмульсияланбаған пленкаларды кесуші	2-3	87

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК